



Павлодар педагогикалық университетінің
ғылыми, ақпараттық-талдамалы журналы
Научный информационно-аналитический журнал
Павлодарского педагогического университета

2004 жылдан шығады
Основан в 2004 году

**ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ВЕСТНИК
КАЗАХСТАНА**

3'2020

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК КАЗАХСТАНА
СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет средства массовой информации
№9076-Ж
выдано Министерством культуры, информации и спорта
Республики Казахстан
25.05 2008 года

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

А. Нухулы, ректор, доктор химических наук, профессор

Зам. главного редактора

С.В. Мурзакулов, проректор по научной работе и международным связям

Ответственный секретарь

А.Н. Ахмульдинова, старший преподаватель (ППУ)

Члены редакционной коллегии

А.К. Кусаинов, доктор пед. наук, профессор, лауреат Государственной премии РК, президент Академии педагогических наук Казахстана

Д. Камзабекулы, доктор филологических наук, профессор (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)

Р.К. Толеубаева, доктор педагогических наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

Г.К. Ахметова, доктор пед. наук, профессор, председатель правления АО «НЦПС Өрлеу»

К.К. Жампеисова, доктор пед. наук, профессор (КазНПУ им. Абая)

С.К. Бердыбаева, доктор пс. наук, профессор (КазНУ им. аль-Фараби)

Н.С. Сафаев, доктор пс. наук, профессор (ТГУ им. Низами, г. Ташкент)

А.А. Петрусевич, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

Н.В. Чекалёва, доктор пед. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.Ф. Филатова, доктор пс. наук, профессор (ОмГПУ, г. Омск)

А.К. Нургалиева, доктор пед. наук (ППУ)

Г.Е. Отепова, доктор ист. наук (ППУ)

Д.Ж. Сакенов, кандидат пед. наук, профессор (ППУ)

С.Н. Сутжанов, доктор филол. наук (ППУ)

Технический секретарь

Г.С. Салменова

Тематическая направленность журнала «Педагогический вестник Казахстана»:
педагогические, гуманитарные, социальные науки, образование.

Периодичность: 4 номера в год.

Язык публикуемых статей: казахский, русский, английский.

*Жоғары мектептің өзекті мәселелері
Актуальные проблемы высшей школы*

А.М. Сыздықова, Д. Болатбаев Қазақ дәстүрлі қоғамында құқық және құқықтық тәрбие мәселесінің зерттеу тарихынан.....	5
А.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Нұрғалиева, Д. Аргынбаева Оқушылар арасындағы ұжымшыл қарым-қатынастардың тұлға дамуындағы орны	14
Б.Ғ. Сәрсенбаева, С. Гарифуллина Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері	27

*Ғылым мен білім берудегі қазіргі заманғы зерттеулер
Современные исследования в науке и образовании*

Д.Ж. Сәкенов, Б. Сырнай Бастауыш мектепте кәсіби сәйкестілік пен жобалық іс-әрекеттің алғышарттарын қалыптастыру	37
Г.О. Қожашева, Ү.Н. Жұмақан Техникалық мамандық білімгерлерінің математикалық дайындығын жетілдіруде қолданбалы есептердің рөлі	43
А.Ж. Аплашова, Ж.Д. Басхан Жасөспірімдердің мінез-құлық стратегиясына және тұлғааралық қарым-қатынасына полиэтникалық фактордың әсері	50

*Өлкетану
Краеведение*

А.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Нұрғалиева, К. Ахметова Қазіргі таңда ұлттық патриотизмді қалыптастыру мәселесі	58
Д.Ж. Сәкенов, Е.А. Шнайдер, А.В. Люфт Сияние галактик Гиппократта	69

Рецензиялар, ғылыми жаңалықтар ашу, тезистер, құттықтау
Рецензии, научные открытия, тезисы, поздравления

A.A. Petrusevich, J. Sakenov, E. Shnaider, F. Shnaider, A. Zhantemirova	
On the formation of professional competence of future teachers	81
N.N. Pissarenko	
Migration and its impact on the country on the example of Germany	90
М.А. Скрипко	
Формирование готовности обучающихся к итоговому тестированию в начальной школе	98
Б. Шайкимова, Б.Г. Сарсенбаева	
Виды и формы общения у детей дошкольного возраста	102
Правила для авторов	106

А.М. Сыздыкова¹, Д. Болатбаев¹

*¹ Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: aimeken@mail.ru, dosan_9222@mail.ru*

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМЫНДА ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН

Аңдатпа

Мақалада революцияға дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ дәстүрлі қоғамындағы құқық пен құқықтық тәрбиені зерттеу мәселелері бойынша әдебиеттерге қысқаша шолу берілген. Авторлар қазақтың дәстүрлі қоғамында тұрмыс тіргішіліктің барлық салаларын реттейтін құқықтық қатынастар жүйесінің қалыптасқанын көрсетті. Мемлекет пен құқықтың құқықтық тәрбие идеяларымен қалыптасуының шарттылығы анықталды. Зерттеушілердің пікірі бойынша, қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық нормалар бірнеше мыңжылдықтар бойы қалыптасты және құқықтық сана-сезімнің іргетасы болып табылады. Құқықтық тәрбие мемлекет тыныс-тіршілігінің ажырамас бөлігі ретінде қазақ қоғамында патриотизм, гуманизм, тәуелсіздік үшін күрес идеяларымен қатар іске асырылды.

Тірек сөздер: құқықтық тәрбие, дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары, «Жеті жарғы», билер соты, әлеуметтік таптар, менталитет.

КІРІСПЕ

ҚР Конституциясы бойынша, Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1], яғни елімізде құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін талап етуде. Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізі жолы құқықтық тәрбие болып табылады. Құқықтық тәрбие кез келген әлеуметтік топтардың даму деңгейін, тарихи негіздерін анықтайды.

Қазіргі заманда қазақ қоғамының дәстүрлерін жаңғырту және заманауи тәрбие үрдісінде қолдану мәселесінің өзектілігі зор. Елбасының «Рухани

Жаңғыру» бағдарламасында қазақ ұлтының бірегейлігін сақтап қалу қажеттілігі туралы айтылған [2]. Ұлттық ерекшелігімізді сақтап жас ұрпақта насихаттаудың бірден бір жолы – қазақ қоғамының дәстүрлі тәрбиесін заманауи білім беру саласында дамыту. Ұлттық тәрбиенің маңызды саласы құқықтық тәрбиенің де терең тарихи астары бар.

Құқықтық тәрбие мәселесі тарих, құқық, саясаттың, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика салаларындағы зерттеушілердің назарында болды. Дегенмен, «құқықтық тәрбие» түсінігінің ортақ анықтамасы жоқ. Авторлардың көпшілігі құқықтық тәрбиені ең алдымен мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты қызметі ретінде қарастырады.

О.В. Богданованың пікірі бойынша, «Құқықтық тәрбие дегеніміз-халықтың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызды мемлекеттік міндетін орындауға арналған нақты институттардың қызметі» [3] (Богданова, 2014: 45). Мағынасы заңды мінез-құлықтың негізі болып табылатын белгілі бір «құндылықтарды» құрметтеуге назар аудару болып табылады. Бұл Конституция мен оның негізінде құрылған заңдарға деген құрмет, сотқа, сондай-ақ қазіргі Қазақстанның жас демократиялық институттарына – Президент, Парламент, Сот институтына деген құрмет. Өркениетті елдерде мұндай құндылықтар әдет ретінде қалыптасқан, ал еліміздің жас азаматтарында толықтай қалыптаспаған.

Қазақстан Республикасында құқықтық тәрбие жүйесі әлі түпкілікті қалыптаспаған, бұл саяси және құқықтық реформаны жүзеге асыруға, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйіне теріс әсер етеді. Осы дағдарыс жағдайында заманауи әлеуметтік-экономикалық проблемаларына ғана емес, сонымен бірге халықтың құқықтық тәрбиесінің төмен деңгейіне негізделген қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтар санының өсуі байқалады. Қазақстандықтардың едәуір бөлігінің, бірінші кезекте қазіргі жастардың құқықтық санасы посткеңестік кезеңдегі дағдарыс кезеңінде көп дәрежеде қалыптасты. Қазақстан қоғамының саяси және экономикалық жүйелерінде орын алған өзгерістер өмір сапасының елеулі өзгеруіне алып келді. Құқықтық тәрбиенің болмауының тікелей нәтижесі – қоғам бағдарланған құндылықтар дағдарысы.

Бұл мәселені зерттеу кезінде біз жалпы ғылыми зерттеу әдістерін қолдандық: талдау және синтез, классификация, жүйелеу. Олар ғылыми әдебиеттерді және басқа зерттеулерді кезеңдер бойынша топтастырып қана қоймай, қазақ қоғамындағы құқықтық тәрбиенің кейбір ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Жүйелік талдау әдісі қазақтардың дәстүрлі құқық жүйесі мен тәрбиеге әсер еткен факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Құқықтық тәрбие қоғамдық институт ретінде адамзат қоғамын реттейтін құбылыстар, құқықтың, құқық институттарының пайда болуымен басталады. Дәстүрлі қазақ қоғамында құқықтық тәрбие дала мемлекеттілігінің құрылу кезеңінен басталады. Себебі, мемлекет, құқық, әлеуметтік топтар, міндеткерліктер, нормалар, сот, әскерилер, жазалау шаралары түсініктері мемлекеттіліктің негізін құрайды.

Қазақ халқында құқықтық тәрбие ұлттық тәрбиенің маңызды элементі болды. Мыңжылдықтар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың құқықтық, әдептілік нормалары мен қағидаттары қазақтардың құндылықтар жүйесінде орнығып таралды. Дәстүрлі қазақ құқығы адат нормалары ұрпақтан ұрпаққа жүктеліп бойына сіңірген.

Қазақтардың әдеттегі немесе адат құқығы – бұл іс жүргізу және материалдық нормативтерді қамтитын көбінесе қысқаша, оңай есте қалатын қағидаттардан құрылған, бірақ қағазға түсірілмеген құқық нормалары. Ол көшпенділер өмірінің түрлі салаларындағы өзара қарым – қатынастарын реттеді, мысалы, қылмыстар мен жазалар саласында – бұл қанды кек алу және құн төлеу қағидаттары; шаруашылық саласында – «алғашқы басып алу» және «алғашқы пайдалану» құқықтары; отбасылық – неке қатынастарында – жетінші буынға дейін некелесуге тыйым салу; сот төрелігін жүзеге асыру саласында – әділеттілік, ашықтық, шешендік қағидаттары. Қазақ жерінде ислам дінінің таралуына орай адатпен қатар шариғат, мусылмандардың құқық жүйесі қолданылды.

Қазақтардың дәстүрлі құқығы революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. А.И. Левшин, П. Маковецкий, А.И. Добросмыслов, И.И. Крафт қазақ қоғамында қалыптасқан құқықтық қатынастар жүйесін анықтауға тырысты. Олар жер мәселесінің реттелуі, билер соты, жазалау шаралары, неке, отбасы, туыстық қатынастар ерекшелігіне арналған зерттеу жұмыстарында жазбаша сақталмаса да ауыздан аузға берілетін тұрақты құқықтық жүйенің бар болғанын көрсетті.

П. Маковецкий халық арасында құқықтың нормаларын игеруде молдалардың және қожалардың маңызын көрсетті, тіпті кез келген қазақ құранды жақсы білгендіктен, өзі де молда ретінде заңдар мен ережелерді насихаттай алады деп көрсеткен [4].

А.И. Левшин қазақтың құқықтық дәстүрлерінің, заңдарының неғұрлым толық нұсқасын қағазға түсіріп, оларды терең талдау жасаған. Зерттеуші қазақтардың басқару жүйесі, заңдар мәселесін, құқық реттейтін салаларды, жазалау жүйесін, мүлік, отбасы, жер мәселесіне қатысты бірқатар деректер келтіреді. Деген-

мен Левшин, қазақ қоғамында аталған нормалар мен хандарға бағынушылық азайып бара жатыр деп көрсеткен [5, 315-319]. Оның себептерін сыртқы факторлардың ықпалымен байланыстыруға болады. Левшин еңбегі 1832 жылы жарияланды, яғни Қазақ хандығының батыс және солтүстік шығыс бөліктері Ресейдің бақылауында жүз жылдай болды, әскери бекіністер, казактардан құрылған әскери бақылаушыларға жерді бөліп беру, ресейлік үкіметтің билеушілері мен руларын шиеленістіру нәтижесінде ұлттық құқық жүйесіне сенім төмендей бастады.

Революциялық дейінгі кезеңде қазақ халқының ағартушылық, тәрбие мәселесін қозғаған А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин құқықтық тәрбиенің маңызды құрамдас бағыттарына сай жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәлім-тәрбие берудің мазмұнын көрсеткен.

Ы. Алтынсарин тәрбиенің басты құралы қоршаған ортаның, ата-анасының өнегесі, оқытушылардың үлесі зор деп көрсеткен. Атақты ағартушы жас ұрпақты отансүйгіштік, мінез-құлықын ізгішіл, инабатты салада, әлеуметтік құндылықтар тұрғысынан қалыптастыруды жөн көрген. Ы. Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінде сауат ашуда қазақтың дәстүрлі аңыздары, мақалдары мен мәтелері мысал ретінде келтірген [6].

Атақты Абай да жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттеріне басты назар аударған, өзі басқарушылық қызметіне қастысты келесі ой жеткізген, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады... Мен егер зақон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім... Кімде- кімнің әділеті жоқ болса, оның ұяты да жоқ... Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ» – деп насихат қалдырған [7, 138-164]. Абай да, Ыбырай да өз сөздерінде отаршыл күштің салдарынан ұрпағымыз қазақтың даналығынан айырылу үрдісін көрсетіп жатқаны. Ұлттық тәрбие, дәстүрлі ұлт-өнеге дағдарысқа ұшырағанын білдірей отыра, бұрынғы тәлім-тәрбие мен ізгілікке насихаттау үгіті белгілі.

Ш. Уалиханов халқымыздың түпкілікті, дәстүрлі әдеттерін зерттей отыра, ағартушылықтың жетіспеушілігін танытқан. Қазақ ағартушысы, этнограф, ғалым адамгершілік білім беру мәселелеріне көп көңіл бөлді. Ол жастарды оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми негізделген тұжырымдамасының негізін қалады. Ол менталитет («ұлттық рух») әр адамға тән және табиғи ортаға да, қоғамның әлеуметтік құрылымына да байланысты екеніне ерекше танытты. Оның пікірі бойынша, сауаттылықтың арқасында ғана қазақ қоғамы қажетті адамгершілік деңгейіне жете алады [8].

Сонымен, революцияға дейінгі кезеңде, қазақтың дәстүрлі құқықтық тәрбие жүйесінің қалыптасуын анықтаймыз. Ата-бабаларының ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие жүйесінде құқықтық тәрбие қоғамдық нормалар

мен қағидаттарын игеру адат пен шариғаттың синкретизміне негізделді. Демек, отаршылдық кезеңінде құқықтық тәрбие мен ұстанымында барқатар проблемалар орын алғанын білдік. Ол туралы Ресейдің де, қазақтың да ұлттық ойшылдары пікірін білдірген. Біздің ойымызша, құқықтық тәрбие саласында байқалған дағдарыс сыртқы факторлардың салдарынан, отаршылдықты іске асыратын, дәстүрлі құқық жүйесі мен құқықтық тәрбиені бұзатын сыртқы ықпалдан, жасанды түрде пайда болды. Революцияға дейінгі зерттеушілердің маңызды қорытындылары бойынша қазақ халқының өзіндік заңдар жүйесі болды, бұл заңдар адат пен шариғат негіздерін қамтыды және «Жеті жарғы» атауымен қазақ даласында кеңінен қолданылды. Әрине, революцияға дейінгі зерттеушілер, құқықтық тәрбие мәселесін арнайы қарастырмаған. Дегенмен ата-бабаларының жерінде тіршілік еткен, әже-атасының, әке-шешесінің қарамағында өсіп тәрбиеленетін, қоршаған орта туралы түсінік алған жас ұрпақ барлық дәстүрлерді ұстанды. Сондықтан да, қазақ қоғамына тән болған құқықтық нормалар, дәстүрлер өскелен ұрпаққа жеткізілгені мәлім. Қазақ хандығында «Жеті жарғы» деп аталып кеткен заңдар мен адат, шариғат құқығы таралған. Өскелен ұрпақ бұл заңдар мен қағидаттарды жақсы біліп, келешекте ұстанып, өз ұрпағына да таратқан деген құрытынды жасаймыз. Яғни, құқық пен заңға негізделген қазақ мемлекетінде құқықтық тәрбие тиісті дейінгейде іске асырылды.

Кеңес дәуірі кезінде қазақ халқының құқығы мен мемлекеттілігі бойынша тарихи зерттеулерді екі кезеңге бөліп ажыратуға болады. XX ғ. 40 жж. дейін А. Бөкейханов, М. Тынышбаев, Х. Досмухамедов, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов тарапынан тарих және этнографиялық зерттеулерді жариялауда бірқатар орыс ориенталистерінің еңбектері мен дәстүрлі ауызша, жазбаша деректерді қолдана отырып қазақ жерінде мемлекеттіліктің, яғни оның заңнамалық негізі мен құқықтық дәстүрлерінің бар екендігін танытты. М. Тынышбаев Жеті-жарғы заңдар жинағы қазақ руларының көшпелі тұрмыс тіршілігі жағдайында құқықтық сана сезімнің принциптеріне сай қалыптасты деп анықтаған [9, 7]. Аталған зерттеушілер Ресейдің отаршылдық саясатының әр түрлі қырларын көрсетті және сол көзқарастары үшін репрессияларға ұшырады.

Кеңестік идеологиясы мен ұлттық сана сезімнің күресін Е. Бекмахановтың зерттеулері (Бекмаханов, 1994) нәтижесінде пайда болған шиеленіс көрсетті. Атақты зерттеуші өз еңбектерінде Кенесарыны қазақ хандығын отаршылдық саясатынан босату үшін күрескен батыр ретінде көрсетті. Тіпті кеңестік идеологиясына қарсы ұлт-азаттық қозғалысты тек кедейлер емес, байлар мен сұлтандар қолдағанын тарихи мұрағат деректер арқылы дәлелдеді. Яғни, өз мемлекетіне сырттан қауіп төнген кезде қазақтың азаматтары, шығу тегіне қарамастан, елін қорғауға шығуға дайындығын танытты. Сол сияқты зерттеулер қазақ арасында

құқықтық мәдениеттің, азаматтық пиғылы, ұлттық сана сезімнің, отансүйгіштіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Ал құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі жолы құқықтық тәрбие болып табылады.

XX ғ. екінші жартысында кеңестік тарихи-құқықтық әдебиетте дәстүрлі құқықтық тәрбие тақырыбы арнайы қарастырылмаса да, дәстүрлі қазақ қоғамында адат пен шарифат мәселесіне арналған зерттеулер жүргізген бірқатар заңгер мамандарды атап кету керек. Олар қазақтың дәстүрлі қоғамында адат қағидаттарындағы меншік, жауапкершілік, жазалау мәселесін жеке зерттеген, яғни дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық жүйесін тарихи ретроспективасын жасамақ болды. Зерттеушілер дәстүрлі қазақ қоғамында құқықтық нормаларды адат пен шарифаттың синкретизмі ретінде қарастырған. Кеңестік идеологияға сай қазақ хандығында заңдар мен жарғылардың орын алуы туралы тіпті мәселе қозғалмады. Тарихшылар мен құқықтанушылар мен арасында С.З. Зиманов, С.Л. Фукс, Т.М. Культелеев, т. б. зерттеушілер қазақтардың қоғамдық, мемлекеттік құрылысы, жазалау жүйесі, жауапкершілігі туралы бірқатар еңбектер жариялады.

С.З. Зиманов дәстүрлі қазақ қоғамында бірнеше әлеуметтік топтарды көрсетті, яғни, султандар, билер, тархандар, ру басылары, байлар, дін басылар [10]. Демек бұл әлеуметтік топтардың артықшылықтарын, қызметтерін, беделін қазақ қоғамында жете түсінген. Сонымен қатар, зерттеуші жер мен малға қатысты мешік мәселесін, қолөнер мен кәсіпшіліктің, егіншіліктің, көшпелі мал шаруашылықтың тұрмыс тіршілігінің құқықтық реттелу ерекшеліктерін анықтады. Тіпті көшпелі қоғам жағдайында меншік мәселесін анықтауға тырысты. Бұл зерттеу жұмысы XX ғ. ортасында жарияланды және кеңестік идеологияға сай қазақ қоғамында класс, меншік, кедейлерді қанау мәселесін анықтау мақсатында іске асырылды. Дегенмен, қазақ елінің азаматтары әлеуметтік иерархия, меншік мәселесі, тіпті міндеткерліктерін жақсы біліп түсінді. Бұл ұлттық тәрбие барысында мемлекет, құқық, меншік, жауапкершілік, айыппұл, жазалау туралы түсініктерінің бар болғанын көрсетеді. С.Л. Фукс, Т.М. Культелеев қазақтың дәстүрлі құқығында заңнамалық реттеу мәселесін қарастырды. Олардың зерттеу жұмыстары заңнама саласына жақын болғанымен, қылмыс, бұзушылық, жазалау, айып төлеу, билер соты, сұлтандардың, билердің, ру басылардың әлеуметтік жағдайы мен құқықтық статусын анықтады [11]. Яғни кеңестік тарихнамада, құқықтық тәрбие мәселесі тікелей қарастырылмаса да, дәстүрлі қазақ қоғамында құқықтық нормалар ретінде адат пен шарифаттың маңызды орны анықталды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақтың мемлекеттілігі, заңнамасы мәселесіне ерекше назар аударылды, деректік база кеңейтілді, тіпті кеңестік идеологияның жойылуы бірқатар жаңа тұжырымдамалар дүниеге әкелді. Қазақтың дәстүрлі қоғамында орын алған мемлекеттілік, заңнама, құқықтың жүйе институтта-

ры мәселесіне қатысты деректік база кеңейді, нәтижесінде жаңа тұжырымдар пайда болды. Қазақ хандығының тарихы оның заңнамалық негіздеріне сай анықталды. Қазақ хандығы тарихында хандық бидік институттары деректердің негізінде дәлелденді. Қасым, Есім, Тәуке хандары тұсындағы заңдардың дерек ретінде көпшілікке ұсынылып одан да бұрынғы сақтар, түркі дәуірі кезеңіндегі заңнамалық, құқықтық, мемлекеттік негіздеме талқыланды. С.З. Зиманов, Ж. Қасымбаев, Т.И. Султанов, А.Н. Атыгаев, И. Ерофеева, М.Х. Абусейтова, т. б. ірі ғұламалар қазақ хандығын XV–XVIII ғғ. жеке мемлекет және маңызды геосаяси күш ретінде танытты. Аталған зерттеулер қазақ мемлекеттілігінің бір сәтте пайда болма терең тарихи негіздерін көрсетіп, XV–XVIII ғғ. қазақ жерінде өз өзін Евразия даласында белгілі бір геосаяси ықпалы мен маңызы бар жеке саяси күш ретінде таныған дербес мемлекеттің орын алғанын анықтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әрине Қазақ хандығында, кез келген мемлекетте сияқты, құқық, мемлекет, билік, әлеуметтік топ, жауапкершілік, қылмыс, жазалау бойынша өзіндік дәстүрі болды. Отаршылдық бұғауына дейін дәстүрлі қазақ қоғамында азамат, Отан, дәстүр, тәлім тәрбие, борыш, отбасы, т.с.с. түсініктер азамат тұлғасын қалыптастырды. Құқықтық тәрбие дәстүрлі тәрбиенің маңызды элементі болды, оның құрамында абырой, ер, азамат, отбасы, Отан, намыс, жауапкершілік, т.с.с. ұғымдар орын алды. Аталған ерекшеліктер ұрпақтан ұрпаққа нақыл, өсиет, ересектердің үлгі өнегесі ретінде, тұған жер, туыстар, достар сияқты құндылық жүйесіне айналды. Біздің ойымызша, сыртқы қауіптен өзінің дәстүрлерін қорғау қағидаты құқықтық тәрбиенің негізгі көрсеткіші. Жеке мемлекеттің азаматтары жағдайында өмір сүрген қазақтың дәстүрлі қоғамын бұзған сыртқы күштерге қарсылық көрсету, өз құқықтары мен мүдделерін қорғау, өз отбасы мен тіршілігі үшін күресу, өз тарихы мен дәстүрлерін қорғау Қазақ хандығы дәуіріндегі құқықтық тәрбиенің басты көрінісі деп қорытындылаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995. <http://adilet.zan.kz>
- 2 Назарбаев Н.А., Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – 2017. <https://www.akorda.kz/>
- 3 Богданова О.В. Правовое воспитание: основные подходы к трактовке и ре-

ализация некоторых форм // Вестник СамГТУ: Психолого-педагогические науки. – 2014. – №1. – С. 44-51. <https://vestnik-pp.samgtu.ru/article/view/49>

4 Материалы для изучения юридических обычаев киргизов / Семипалатинский областной статистический комитет; сост. П.Е. Маковецкий. – Вып. 1: Материальное право. – Омск: Типография Окружного Штаба. – 1886. – 88 с. https://st-1.akipress.org/st_bilimlib/8/c68dce

5 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

6 Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия. Книга 1. – Оренбург: Типография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1879. – 100 с. <https://ebookask.net/>

7 Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 138-164 бб.

8 Валиханов Ч. Собрание сочинений. в 5 тт. – Т. 1,2. – Алма-Ата, 1961.

9 Тынышбаев М. Киргиз-казахи в 17–18 веках / Тынышбаев, Мухамеджан. – Кызыл-Орда: Изд. О-ва изучения Казахстана, 1926. – 14 с.

10 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. – 296 с.

11 Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVII – первой половине XIX века. Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 224 с.

12 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы, 1998. – 268 с.

13 Асфендиаров С. История Казахстана (с древнейших времен). – Алматы: Санат, 1998. – 304 с.

14 Атыгаев А.Н. Казахское ханство в системе международных отношений Евразии // Мир большого Алтая. – 2015. – №3. – С. 200-213.

15 Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жж. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.

16 Бөкейханов А. Шығармаларының толық жинағы. VIII том. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2013. – 528 б.

17 Добромислов А.И. Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веках. – Казань: Типография Казанского университета, 1904. – 105 с.

18 Досмухамедов Х. Избранное. – Алматы: Ана тілі, 1998.- 384 с.

19 Ерофеева И. Институт батыров в структуре военной организации казахов-кочевников // Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э. Масанова: Сб. мат. межд. науч. конф. – Алматы: Издательство ЛЕМ, 2010. – С. 322–352.;

20 Ерофеева И. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – Алматы: Аркаим, 2001. – 157 с.

- 21 Ерофеева И. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX веков (история, историография, источники). – Алматы: Print-S, 2003. – 178 с.
- 22 Зиманов С.З. Вопросы методологии изучения национально-государственного строительства // Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство. – Алматы: Арыс, 2009. – 400 с.
- 23 Қасымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств XVIII – первой четверти XIX вв. – Алматы: Наш мир, 2001. – 356 с.
- 24 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типография П.Н. Журинова, 1898. – 532 с. <http://dir.orenlib.ru>
- 25 Культелеев Т.М. Уголовное и обычное право казахов. – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір», 2004. – 311 с.
- 26 Рысқұлов Т. Собрание сочинений в трех томах. – Алматы, 1997. – 336 с.
- 27 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана / Т.И. Султанов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
- 28 Фукс С.Л. Очерки истории государства и права казахов в XVIII – первой половине XIX века / Под общ. ред. С.Ф. Ударцева. – Астана / Спб.: ТОО «Юридическая книга Республики Казахстан», 2008. – 816 с.
- 29 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов: Сборник исторических документов в 2-х томах: Т. 1. Письма казахских правителей 1675–1780 гг. / отв. Ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: АБДИ-Компании, 2014. – 696 с.

А.М. Сыздыкова¹, Д. Болатбаев²

**Из истории изучения вопросов права и правового воспитания
в казахском традиционном обществе**

^{1,2} Высшая школа гуманитарных наук,
Павлодарский педагогический университет,
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.M. Syzdykova¹, D. Bolatbaev²

**From the history of studying issues of law and legal education
in the Kazakh traditional society**

^{1,2} Higher School of Humanities science
Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье представлен краткий обзор литературы дореволюционного, советского и периода независимости по вопросам изучения права и правового воспитания в казахском традиционном обществе. Авторы отмечают сформированность системы правовых отношений, регулирующих все сферы жизнедеятельности традиционного казахского общества. Выявлена обусловленность формиро-

вания государства и права с идеями правового воспитания. Исследователи отмечают, что традиционные правовые нормы в казахском обществе формировались в течение нескольких тысячелетий и являются фундаментом правового самосознания. Правовое воспитание как неотъемлемая часть жизнедеятельности государства реализовалось в казахском обществе наряду с идеями патриотизма, гуманизма, борьбы за независимость.

Ключевые слова: правовое воспитание, обычное право, традиции, «Жеті жарғы», суд биев, сословия, менталитет.

Summary

The article presents a brief review of the literature of the pre-revolutionary, Soviet and independence periods on the study of the law and legal education in the Kazakh traditional society. The authors note the formation of a system of legal relations regulating all spheres of life of the traditional Kazakh society. The author reveals the conditionality of the formation of the state and law with the ideas of legal education. Researchers note that traditional legal norms in the Kazakh society were formed over several millennia and are the Foundation of legal self-awareness. Legal education as an integral part of the life of the state was implemented in the Kazakh society along with the ideas of patriotism, humanism, and the struggle for independence

Keywords: Legal education, customary law, traditions, «Zheti zhargy», court of biys, class, mentality.

МРНТИ 14.07.05

А.Қ. Нұрғалиева¹, А.Қ. Нұрғалиева¹, Д. Арғынбаева¹

*¹ Педагогика жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық униерситеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: nurgalievaak@mail.ru, aknurgalieva@mail.ru,
argymbaeva.dana@mail.ru*

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҰЖЫМШЫЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада жеке тұлға және ұжым, ұжымдағы жеке тұлға дамуының мәселелері қарастырылған. Авторлар мектептің балалар ұжымындағы алғашқы ұжымда-ақ балалар жалпы мақсатын жүзеге асыруға бірігіп қатыса отырып бір-бірімен жақын араласа бастауға қажет жағдайларға терең тоқталған. Мақалада балалардың мүмкіндіктеріне,

қызығушылықтарына, қабілеттеріне, құрбыларына деген қарым-қатынастарына қарай оқушылардың әрқайсысының белсенділендіруге жағдай болуы туралы философтардың, әлеуметтанушылардың, психологтардың, педагогтардың көзқарастары қарастырылған. Сонымен бірге бұл ұжым өзінің тар мағынадағы мүдделерімен ғана шектеліп қалмай болашақ жоспарларын күрделендіріп, мүдделерін кеңейтуге тиісті педагогикалық жолдар ұсынылған. Күрделі мәселенің бірі ретінде жеткіншектер арасындағы жас ерекшеліктеріне байланысты эмоционалдық қарым-қатынасты ерекше бағалайтыны, олар жеке басының қасиеттері жағынан қоғамшыл болып келетіні, олардың ұжымшыл қатынастардың арқасында тұлға дамуына ерекше әсер беретіні туралы материал мақалада кең орын алған.

Тірек сөздер: жеке тұлға, ұжым, ұжымшыл қарым-қатынастар, жеткіншектер, жолдастық, достық, іс-әрекет.

КІРІСПЕ

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынас жасауда қатынасқа түскен адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға әрекет жасайды.

Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады. Қарым-қатынастың жетекші түрі – осы немесе өзге жас кезеңінде болатын қарым-қатынас түрі, бұл арқылы тұлға дамуының сатысына сәйкес негізгі тұлғалық қасиеттер қалыптасады [1].

Қарым-қатынас мәдениеті – адамдар арасындағы өзара тығыз байланыстылықты қамтамасыз етуге соның негізінде іс-әрекеттер жүйесін үйлестіріп, реттеуге, дұрыс бағыт түзеуге, ой-сананы дамытып әркімнің өмірден лайықты орнын табуға мүмкіндік туғызу. Қарым-қатынас адам өмірінің барлық салаларына терең енген құбылыс. Оның мән-мазмұны сан алуан. Қарым-қатынас тіршілік атаулының (оның ішінде адам өмірі ерекше) қалыптылығын сақтауды қамтудан бастап, адамдардың өмір сүру жолын жетілдіру, оның амалдарын табу, таңдау, өңдеу, оларды өмір салты құралдарына айналдыру мақсатындағы саналы байланысын, өткені мен бүгінгіні және болашақтық сабақтастылығын қамтамасыз етеді.

Қарым-қатынас жеке көңіл күй әсерін жеткізуден бастап, ақпараттар тасымалдай алмау, жекеленген адамдардың, ықшам және әлеуметтік топтардың,

халықтардың, ұрпақтардың мақсаты өзара ықпалдастығын орнатып, жүзеге асыратын негізгі құрал. Осы айтылған ой-пікірлердің өзі қарым-қатынасқа берілер сипаттар мен анықтамалар мүмкіндігінің толассыз болатындығын, оның әлі де беймәлім тұстары мен мәндері қарсыларының ашыла беретінін көрсетіп отыр. Сонымен қарым-қатынас қызмет түрі. Өйткені ол да қызметтің басқа түрлері сияқты белгілі бір мақсатқа жүгініңкі, нормаға тәуелді. Ендеше оның берер нәтижесі бар. Белгілі бір жағдайда өзінің тиімділігін көрсетеді деген сөз. Қарым-қатынастың мақсаты әрбір жеке адамның немесе тұтас алып қарағанда қоғамның бірлескен қызметіне түзетулер ендіру мен жоспарлау жатады. Яғни қарым-қатынас басқа коммуникативті емес қызметтерді қамтиды. Олай болған жағдайда қарым-қатынас нақтылы өндірімді қызмет түріне жатады. Яғни қызметтің бұл түрі материалдық және рухани игілігі бар өзгешелігі болумен сипатталады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеуші Д. Мореноның тұжырымы бойынша қарым-қатынасы шектеулілер жан-дүниесіне игі әсер жасау жағдайы аз болып, адамның жеке басты рухани жетімділігі қалыптасады [2]. Яғни әрбір адамның психологиялық кемелдігі басқа адамның ішкі жан сарайына деген нақты мейірімділік көзқараспен, оның потенциалын толықтай іске қосылуына адал ниетпен қарау және жәрдем беру әрекетімен көрінеді. Егерде қарым-қатынас мақсаты адамның ішкі жан-сарайына игі әсер жасауды міндетке алса, онда қарым-қатынастың іскерлік және өнегелілік нәтижелік жақтарына қойылатын талаптар тығыз байланыста болады. Адамның рухани өсуі үшін тек тілеулілік ниетпен шектелмей, оның мәселелерін көре білу, әрі шешімін тауып беруге жәрдем беру керек.

Ғалым Қ. Жарықбаевтың айтуынша шын пейілдегі бірге қамығу қатынастың ойдағыдай қалуына жеткізе алмайды [3]. Мұның себебі мынада: Айталық өзін жәбірленуші санаған адамның әрекетінде дұрыстық жоқ ісі теріс, ал ол өз қателігін мойындағысы келмейді. Ал «жәбірленушіні» қарсы алған досы, оның көңілінен шығып, оның іс-әрекетін дұрысқа шығарса, досының көңіл-күйі көтеріліп жуасиды. Бір қарағанда байланыс мақсатына жеткендей көрінеді. Ал шын мәнінде жәбірленген адам үшін байланыс пайда әкелген жоқ. Мұндайда болған жағдайды асықпай байыптап, қателік кімнен болғанын ақылғы салып, дұрыс басу айтып, жіберген қателігіне досының көзін жеткізіп, алда осындай қателіктен сақтану жолына кеңес айтса онда байланыс жемісті өтті-деп есептеуге болады. Алайда басу айтушының өзі тек шын көңілменен сәттілік тілейтін «тілеугөй», «тілеуқор» кісі ғана болмай, үлкен психологиялық білімдар адам болғаны абзал. Досының

қателігін бетіне бірден басып айтып салу байланысқа теріс ықпал жасауы мүмкін. Яғни, дос жылатып айтады, дұшпан күліп айтадыға абай болуы керек. Байыпты талдау ғана нәтижеге жеткізеді. Кінәні дүрсе қоя бетке басу қарсы кісіге қорғануға итермелейді. Сөйтіп өз позициясынан қайтпай екі жақтыда сыңар көңіл-күй орнығады [4].

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан адам сыртқы орта жағдайына байланысты өз мінез-құлқының моделін жасап оны жүзеге асырады. Осы модельге көптеген психологиялық көрсеткіштер әсерін тигізеді. Г.М. Андреева зерттеулерінде келесі көрсеткіштерді анықтаған: адамның дүниетанымы, қарым-қатынас объектісіне көзқарасы, өз құқығы мен міндеттерін түсінуі, өзін-өзі бағалауы, тұлғааралық қатынастағы әдеттері, қарым-қатынас тәжіребесі, мінез-құлқы, көңіл-күйі т.б. [5]. Осы көрсеткіштерге сүйене отырып оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін жан-жақты зерттеуге болады. Оны жүргізу барысында келесі үш мәселе жетекші көрсеткіштер ретінде зерттелінеді: қарым-қатынас үдерісіне зерттеушінің көзқарасы, қарым-қатынасқа түскен серіктестестердің көзқарасы, қарым-қатынасқа түскендердің өзіне көзқарасы.

1. Қарым-қатынас үдерісіне зерттеушінің көзқарасы. Мұнда өмірдің талабына сай қойылған міндеттерді шешу мақсатында қарым-қатынас үдерістерін белсенді түрде пайдалану бағдарын ұстану ықтималдылығымен білінеді. Бұл жерде қойылған мақсатқа жеткізетін тиімді құрал ретінде қарым-қатынастың рөл атқара алатындығы туралы түсініктің орнығуы іске асады. Сондай ақ преспектикаға оң эмоционалды көзқарас танытудан айналадағы адамдармен байланысқа түсу; портнетмен өзара ықпалдастық процесін жақсы жолға қою үшін барлық күш-жігерді жұмсауға дайындық пен құштарлық таныту орын алады. Өйткені қарым-қатынас процесі қарым-қатынасқа түскен серіктестің жеке жол табуды, ситуация ерекшелігін ескеріп отыруды талаптайды. Өзіңнің тұлғалық әсер салуың қарым-қатынасқа түскендердің жанына әрбір кездесудің қалдырған ізі болып саналады.

2. Қарым-қатынасқа түскен серіктестестердің көзқарасы. Табысты қарым-қатынасты қалау үшін ең бастысы алдыңғы бөтен адамға көңіл бөлу аса қажеттілік. Ғылыми тілмен яғни А.А. Ухтомскийдің сөзімен айтқанда «Әңгімелеуші доминантқа дегенкөңіл бөлу өз алдына ерекше болуы керек» [6]. Барлық күш-қайрат, ынта-жігер, жан шуағы, көңіл-күйі, яғни барлық «мақсаттағы бет алыс», қарама-қарсаңында отарған адам мен өз арадағы тосқауылды, сезіктік, күдіктік пиғыл-ойды сейіліп «сен» сенімділік әлеміне жол ашуға жұмсалуды керек. Бұлардың бәрінің де мүмкін болатындығын өз басын құрметтей алатындардың бәрі де біледі деуге болады. Сөйтіп қарым-қатынасқа түскен партнерге қатысты ықтималды диспозиция – серігіңнің жеке басты жан-дүние байығы мен даралығын

мойындауды, оның жеке бас проблемалары мен істеріне қол ұшын беруге даярлық көңіл-күйдің әрқашанда болуын талаптайды.

3. Қарым-қатынасқа түскендердің өзіне көзқарасы. Өзін туралы, өзінің кім, қандай екендігіңді елестете білу, өз бағаңды білу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға өзара ықпалдастықта болуға елеулі әсерін жасайды. Өз-өзін білетін адам басқаның бойындағы бар асылды немесе керісінше кемшілікті реалистік-ақиқатты тұрғыда көре алады, басқа адам туралы ой-пікір тұжырымы ақиқат-шындық, дұрыстығында бере алатын қабілеті болады. Әдетте ондай адамдар басқа туралы тегінде дұрыс, жақсылық ойлап, тілек тілеуші көңіл білдіріп адам бағасын көтеріп тұрады.

Адамдағы өзіне қатысты көзқарас оның әлеуметтік мінез-құлқына да әсерін жасайды. Мәселен америкалық психологы М. Розенбергтің мәліметі бойынша өз басын құрметтеу сезімі төмен адамдарда мынадай сипатты ерекшеліктер болады екен: тұрлаусыз және әлжуаз пайым жасау, сана-сезім өз әлсіздігі мен дәрменсіздігінің беті ашылып қалуынан сезіктеніп жүру. Осыдан келіп ортадан қашу, қосылмай беймәлім жүру немесе жасанды ролмен, бет пердемен көріну әрекеттерімен болу сияқты ерекшеліктер болады [7]. Мұндай адамдар сынға төзімсіз жеңіл жараланғыш, барлық нәрсеге қарайды және сезімге алғыш келеді. Өз басын қадірлей алмайтын адамдар жалғыздықтың құрбаны болады. Олардың әлеуметтік белсенділігі төмен, саясатқа, қоғамдық шараларға немқұрайлы қарайды және басқару қызметінде сирек кездеседі. Сонымен адам баласының әлеуметтік тәртібінің дұрыс болуының шарты: өзіңді шынайы, біле-білу, өз мүмкіндігіңді, күшті жағыңды да, әлсіз жағыңды да білу, өз басыңдағы жағымды жақтарды бағалай білу, басқаларға қандай жағымдылығыңмен қадірлісің соны білу өзіңнің озық әлеуметіңді дамытуға ұмтыла білу болып табылады.

Жеткіншек жасындағылар қарым-қатынасқа өте құмар келеді. Олардың жолдастарымен, құрдастарымен, сыныптастары, қарым-қатынасы төменгі сыныптардағы балалардың қарым-қатынастарынан гөрі күрделірек, көп салалы әрі мазмұны тереңірек болады. Тұлғааралық қарым-қатынасты жан-жақты зерттеген А.А. Бодалев оның жас кезеңдеріне байланысты өзгеру динамикасын көрсеткен [8]. Жеткіншектік кезең де жақындық дәрежесі жөнінен әр түрлі қарым-қатынастар қалыптасады, оларды жеткіншектер әншейін жолдастар, жақын жолдастар, жеке дос, деп нақпа-нақ саралайды.

Қарым-қатынас жасайтын адамдары тек мектеп шеңберіндегі оқу әрекетімен шектелместен, барған сайын мектептен тыс шыға береді, жаңа мүделерді, кәсіптерді, қарым-қатынастарды қамтып, оқушы өмірдің дербес және өте маңызды саласы болынып бөлінеді. Бұл қарым-қатынастарда әр түрлі оқиғалармен, күрес пен қақтығысулар, жеңістер мен жеңілістер, жаңалықтар мен өкініштер, өкініштер

мен қуаныштар кездесіп, осының бәрі жинақталғанда жеткіншектің нағыз өмірін құрайды. Ол осы ортада іс- әрекет жасап, ойланып толғанады, көп уақыты мен рухани күш-жігерін жұмсайды.

Жолдастарымен қарым-қатынас жеткіншек жасындағы оқушы үшін ерекше құндылыққа айналады. Л.Я. Гозман көрсеткендей, бұл қатынастардың бала үшін маңыздылығы соншалықты жоғары бағаланатындығынан олар ата-ана, туғандарымен қарым-қатынастардың тартымдылығын едәуір азайтып, оқудың өзін екінші қатарға ығыстырады [9]. Әдетте мұны бірінші болып анасы сезеді. Ұлының (не қызының) өзінен алшақтап, қайсыбір өзгеше өмір сүре бастағанын, бұл туралы айтпай, үйден жолдастарына баруға асығып тұратынды шығарғанын байқайды. Оқушы үшін құрдастарымен қарым-қатынасы оның жеке басының қатынас сферасы болып сараланып, бұл бағытта ол дербес іс-әрекет етеді. Ол бұған хақым бар деп санайды, өзінің правосын қорғайды, нақ осы себептен де ересектердің бұл салаға араласуын жәбірлеу деп санап, оған қарсы шығады.

Л.Я. Гозман эмоционалдық қарым-қатынасты жолдастық, достық, сүйіспеншілік, қастандық түрлерге бөліп көрсетеді. Олардың әрқайсысының оқушы өмірінде өз орны бар. Оқушыда, бір жағынан, құрдастарымен қарым-қатынас, бірлесіп іс-әрекет жасауға ұмтылу, ұжымда өмір сүргісі келіп, жақын жолдас, дос тауып алуға ұмтылу өте айқын көрінеді, екінші жағынан, жолдастарының арасында қабылданып, танылуға, олардың мұны сыйлауына жетуге ұмтылу одан кем түспейді. Мұның өзі аса маңызды қажеттілікке айналады. Сыныптастары мен қарым-қатынастардағы қолайсыздықтар, жақын жолдасының, досының болмауы немесе достарының одан ажырасып кетуі барынша күйзелтіп, баланың жеке басының драмасы деп қабылданады. Оқушы үшін ең қолайсыз жағдай – ұжымның, жолдастарының оны шындап кінәлауы, онымен қарым-қатынас жасағысы келмеуі болады, ал ең ауыр жаза өзіне ашықтан-ашық немесе жасырын бойкот жасауы болмақ. Өзінің жалғыздығын сезіну жеткіншек үшін төзгісіз, ауыр жағдай. Сыныптастарымен қатынастардың қолайсыздығы оны өз мектебінен басқа жерден жолдас, дос іздеуге итермелейді. Әдетте, оларды тапқанымен, бұлар әр кезде бірдей жақсы болып шыға бермейді. Мұндай фактілердің күйінішті зардаптары болатын жағдайлары көп кездеседі.

Оқушының жолдастарының назарын өзіне аударуға, олардың ынтасын туғызып, жақсы көрінуге ұмтылуы түрліше болып көрінуі мүмкін: бұлардың өз қасиеттерін тікелей көрсетуде ересектер қоятын талаптарды орындамау да болуы, сондай-ақ қиқандап, сайқымазақтану, күлдіруге тырысқан іс-әрекеттер, өтірік-шыны аралас әр түрлі жайларды айту болуы мүмкін. Е.Я. Мелибурданың жүргізген зерттеуінде жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуінің бір себебі өз жолдастарының назарын аудару екендігін дәлелдеген [10].

Жеткіншек жасындағы оқушылар жеке басының қасиеттері жағынан қоғамшыл болып келеді. Балаларға өмір мен іс-әрекеттің ұжымдық әдістері ұнайды, олар қоғамдық жұмыстарға ұмтылып, жақсы көреді. Бұл жұмыстар жеткіншектердің қарым-қатынасы үшін мазмұнды негіз жасап, ынта көрсетіп, белсенділік, дербестік білдіруге мүмкіндік береді. Кез келген іс-әрекетте олар әншейін қарап тұрушы болмай, белсене қатысушы болғанды жақсы көреді.

Жолдастық, ұжымшыл қарым-қатынас жеткіншектер өмірінде үлкен орын алады. Жеткіншектердің өзара және топтасқан қарым-қатынастары көбінесе ересектермен қарым-қатынастарға тәуелсіз тіпті олардың дегендері мен ықпалдарына қарсы болып та қалыптасады. Бұл қарым-қатынастардың өз мазмұны мен даму логикасы болады. Егер төменгі сыныптарда ұжымдағы алатын орны негізінен оқу үлгеріміне, тәртібі мен қоғамдық белсенділігіне, яғни баланың ересектер қоятын талаптарды қалай орындайтынына байланысты болса, жеткіншектер үшін басқа қасиеттер: досы мен жолдасының қасиеттері, зеректігі мен білімділігі (тек оқу үлгерімі ғана емес), батылдығы өзін-өзі ұстай білуі неғұрлым маңызды бола бастайды. Әр түрлі сыныптарда (жеткіншектер топтарында) бұл жақсы жақтардың құндылық дәрежесінің түрлі баспалдағы бар, бірақ олардың біреуі – жолдастық қасиеттер әрқашан бірінші орынға қойылады.

Жеткіншектер тек танымал болып қана қоймай, олардың ризалығы мен құрметіне бөлену үшін ең алдымен жақсы жолдасы болуы керек. Осыған байланысты жеткіншектік кезеңнің басында бұрын танымал болған балалардың тобында өзгеріс болатыны жиі кездеседі: біріншіден, бұрынғы беделділер, кетіп, олардың орнына жаңалары шығады, екіншіден, сыныпс активінің неғұрлым сыйлы әрі беделді жеткіншектер тобы болмауы жиі байқалады, өйткені көптеген мұғалімдердің активті құрғанда олардың жолдастық қасиеттерін ескермей, үлгерімі жақсы және тәртіпті балаларды алатыны жиі кездеседі. Сыныптастары үшін беделі аз актив – ұжым құрудағы және сыныптағы жұмысын ұйымдастырудағы қиындықтардың мәнді себептерінің бірі. Мұның мәні одан кем түспейтін тағы бір себебі – мұғалімде басқарудың авторитарлық деп аталатын стилінің сақталуы және активте де сыныптастарымен қарым-қатынастың осындай әдістерінің тәрбиеленуі. Жеткіншектер мұны әсте қабылдамайды, өйткені олар ересектердің де, жолдастарының да қарым-қатынастарына сол бір негізгі талап тұрғысынан қарайды – адамшылық қадір-қасиет пен жеке басты құрметтеуді талап етеді. Бұл талап жеткіншектердің жолдастық кодексінің өзегі болып табылады, оның нормалары әр түрлі негіздерден: ересектерден, жасы үлкенірек балалардан, кітаптар мен кинофильмдерден (олар бұл нормаларды көрсетіп, түсіндіруде маңызды роль атқарады) ұғынылып, қабылданады.

1. *Мотивация туғызу.* Мұғалім жалпы зерттеу мәселесін ұсынады. Тақырыпқа қызығушылық қалыптастырады.

2. *Жоспарлау кезеңі.* Зерттеу жұмысына дайындық. Мұнда жобаның

тақырыбы мен мақсаты анықталады, міндеттерді шешу жолдары қарастырылады, іс-әрекеттің жоспары бекітіледі, топтағы ұжымдық-әрекеткелісіледі.

3. *Ақпаратты жинау кезеңі.* Оқушылар хабар жинайды, әдебиетпен және басқа ақпарат құралдармен жұмыс жүргізеді; алынған нәтижені мұғалімнің көмегімен сараптайды, ал мұғалім бақылайды, көмек көрсетеді, өзі де ақпарат құралы болады.

4. *Рефлексивтік бағалау кезеңі.* Оқушылар жобаларын ұсынады (презентация), атқарылған жұмыс бойынша есеп береді, ұжымдық пікірталасқа қатысады, өзіне өзі баға береді, мұғалім бағалайды.

5. *Қорытынды.* Мәселен, 1–4-сынып оқушыларының жобалау кезінде рөлі өзгереді, оқу мен тәрбие процесіне белсенді қатыса алады және бала мүмкіншілігінің көптігі тәжірибе жасап көреді, жаңа нәрселерді тани бастайды. Сонымен бірге, бала тапсырманы орындауда жауапкершілік жүктей алады және уақытын бөліп пайдалана біледі, топтық жұмыстарда көбірек тәуелді болады. Жоба кезінде бала (қашан? қандай? қайда?) деген сұрақтарға тәжірибе жасап, пайымдайды, іздестіреді, жауап іздейді, тілдік қарым – қатынастарға түсіп, өз ойларын әр түрлі білдіреді, не үшін әрекет етіп жүргенін түсініп, өз қызығушылығы мен арманын айтады. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына жобалап оқыту әдісі дайын материалды меңгеруге ғана дағдыланбайды, ол өз бетінше ізденіп, болашақ мамандығы рөліне ену арқылы әр түрлі қақтығыс ситуациялардан шыға білуге, сөйлеу үлгілерін дұрыс пайдалануға қалыптасады [3].

Бастауыш сынып оқушыларының жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

- Жобалау әдісі оқушыларды оқыту үрдісіне және тілдік қатынасқа белсенді жұмылдыра алуымен ерекшеленеді;

- Оқушыны білім алуда, өз ісін ұйымдастыруда жауапкершілікке үйретеді;

- Жобамен жұмыс істеу барысында оқушының тілдік дайындығы қалыптасады;

- Жобалау әдісі оқушының белсенді түрде өз бетінше ойлауына, жұмыс істеуіне және алған білімін есте сақтауы, тиісті жағдайда қолдана алуына көмектеседі.

- Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды.

- Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді.

- Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады.

- Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді.

- Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады.

- Оқытудың ой – өрісін, дүниетанымын кеңейтеді.

• Оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру, оқушылардың болашақ кәсібін бастауыш мектептен сәйкестендіруді қалыптастыру.

Бастауыш мектептегі жобалау әдісін қолдану негізгі мектептегі жобалау жұмыстарының даму негіздерін әрі қарай кәсіптікке бағдар береді. Оқушылар жобалау жұмысының негізін ойы мен іске асыру, шешім қабылдау, нәтиже шығару деп таниды. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, шеберлігін, қызығушылығын ескеріп бағыт-бағдар беру, жекелеген мамандықтар туралы терең білім беру – біздің басты міндетіміз. Сондықтан, әр мамандықтың адамға ұсынатын ерекшелігін, талабын алдымен өзіміз жақсы біліп алуымыз керек. Содан кейін ғана оқушыларға сенімді түрде толық ақпарат бере аламыз. Адамның өзіне де, қоғамымызға да пайда келтіретін маман дайындауға үлесімізді қосуға барымызды салайық. Сонда ғана біздің тәуелсіз еліміз дамыған елдердің алдыңғы қатарында болып, ешқашан сол тұғырдан түспесі анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қозыбай А., Жексенбиева Н. (2015) Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. 7-8 б.

2 Дьюи Дж. Школа и общество (1925) – цит. по «Педагогическая логика. 2003/04 учебный год. Метод проектов в школе» / Спец. прилож. К журналу «Лицейское и гимназическое образование», вып. 4, 2003 – с.

3 Лазарев В.С. (2011) Новое понимание метода проектов в образовании // Педагогика. – №10. – С. 3-11.

4 Веракса Н.Е. (2006) Проектная деятельность школьников.

Д.Ж. Сәкенов¹, Б. Сырнай¹

**Формирование предпосылок профессиональной идентичности
и проектной деятельности в начальной школе**

¹ Высшая школа педагогики,
Павлодарский педагогический университет,
Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

D.Zh. Sakenov¹, B. Syrnay¹

**Formation of prerequisites for professional identity
and project activity in primary school**

¹ Higher school of pedagogy,
Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В основу статьи положена идентификация будущей профессии младших школьников с помощью технологии проектирования. В то время, когда содержание образования обновляется, обучение следует рассматривать с учетом данных о различных профессиях, начиная с программ начальной школы. В настоящее время в сфере образования широко применяется метод проектирования в рамках профессионального обучения школьников. При использовании метода проектирования у учащихся развивается логическое мышление, творческое мышление, внимание. Учащиеся добиваются результатов, формируя предпосылки проектной деятельности, воображая свою будущую профессию. Технология проектирования интересна, полезна и трудоемка для младших школьников. Кроме того, дается определение сущности профессионального обучения и метода проекта, приводятся примеры технологии проектирования, рассказывается об этапах и достижениях метода проекта.

Ключевые слова: начальная школа, профессиональная идентичность, проект, ученик.

Summary

The article is based on the identification of the future profession of primary school students using project technology. At a time when the content of education is updated, training should be considered in the light of data on various professions, starting with primary school programs. Currently, in the field of education, the project method is widely used in the framework of professional training of schoolchildren. When using the design method, students develop logical thinking, creative thinking, and attention. Students achieve results by forming the prerequisites for project activities, imagining their future profession. Project technology is interesting, useful, and time-consuming for younger students. In addition, the definition of the essence of professional training and the project method is given, examples of project technology are given, and the stages and achievements of the project method are described.

Keywords: primary school, professional identity, project, student.

МРНТИ 27.01.45

Г.О. Кожашева¹, Ү.Н. Жұмақан¹

¹ Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған қ., Алматы облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: kozhasheva_gulnar@mail.ru, uzhumakan31@mail.ru

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ БІЛІМГЕРЛЕРІНІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада университеттердің техникалық мамандықтар білімгерлеріне жоғары математиканы оқыту және білімін жетілдіруде қолданбалы есептердің рөлі сипатталады. Қолданбалы есептерді пайдалану арқылы техникалық бағытта білім алушыларға жоғары математиканы қолданудың маңыздылығын анықтау және дайындық жолдарын белгіленеді. Сонымен қатар, қолданбалы есептердің құрамының ерекшеліктері мен шешу жолдары жоғары математика үшін маңызды бөлім екені көрсетіледі.

Тірек сөздер: жоғары математика, қолданбалы есептер, техникалық мамандық білімгерлері, бағыт, талдау, оқыту, принциптер.

КІРІСПЕ

Жоғары математика экономика және техникалық бағытта кеңінен қолданылатын, көптеген элементтерден құралған күрделі жиынтық. Техникалық бағытта білім алушы білімгерлердің жоғары математиканы оқу үрдісінде қолданбалы есептер есептер басты рөл атқарады, анығына келсек осы есептер практика мен теорияның, өмір мен ғылымның ортасын жалғаушы көпір болып табылады. Мұндай тапсырмалар білім алушылардың логикалық ойын дамытуға, жетілдіруге, техникалық бағытта білім алуға қызығушылығын туындатуға және арттыруға ықпал етеді. Бұндай есептер жоғары математика мен басқа да ғылым салаларын, олардың ішінде физика, химия, геометрия және т.б. байланыстырушы болып табылады. Сонымен қатар, бұл осы есептер кибернетика, информатика, медицина және т.б. өзге ғылымдағы тапсырмаларды математикалық аппаратты қолдану арқылы, шешу жолдарын жеңілдететін әмбебап құрал болып табылады.

Педагогикалық әдебиеттерде аталмыш есептерге әртүрлі сипаттамалар беріледі, біреулер осындай есептер тапсырманы жәй тілден математикалық тілге

аударушы деп есептесе, екіншілері құрылымы және әдістері бойынша практикада пайда болатын тапсырмаларға жақын болуы керек деп есептейді. Мысалы: біріншіден қолданбалы есептердің сұрағы практикадағы жағдайға байланысты қойылуы тиіс, екіншіден шынайы өмірге қатысы болуы тиіс. Бүгінгі күні жоғары математикадағы қолданбалы есептер дегеніміз– математикалық жолдармен шешілетін математикаға қатысы жоқ тапсырмалар.

Жоғары математикада қолданбалы есептерді шешу жолдары бірнеше кезеңдерден өтеді. Солардың ішіндегі негізгілері: ресімдеу, іске асыру және анықтама беру, түсіндіру. Сонымен қатар, қолданбалы есепте тапсырманы шешудің келесі принциптері айрықша көрсетіледі, олар:

1. Тапсырманы шешу барысында практикалық әдістемелерді қолдану, мысалы: іздену, анықтамалық әдебиеттерді қолдану, дидактикалық материалдарды және зерттеулерді қолданысқа алу, пайдалану.

2. Тапсырманы шешудің әртүрлі жолдарын қарастыру солардың ішінен ең ыңғайлысын және оңайын таңдау.

3. Техникалық білім алушылар жоғары математиканы оқудың әрбір сатысында қолданбалы есептерді шешу жолдарын қарастыру және үйрену.

4. Оқу талабы мен қойылған мақсатына сәйкес жоғары математикадағы тапсырмаларды қолданбалы есептер арқылы өңдеу.

Осылайша, қолданбалы есептерді дамыту арқасында, жоғары математика тапсырмаларын шешу үшін, қойылатын жалғыз талап тапсырманың дұрыс таңдалуы яғни, байланыстың болуы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңда техникалық мамандық білімгерлердің математикалық дайындығын дамытуда, қолданбалы есептерді қолдануы және іске асыруы жолында көбірек еңбектену керек. Себебі, олар білімгерлердің оқу ынтасының дамуына ықпал тигізеді. Аталмыш есептерді оқыту барысында көптеген мысалдарда, тапсырмаларда, әдістерді және оқыту құралдарын қолдану және соның ішінен ең ыңғайлысын таңдау маңызды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы зерттеулердің көрсетуі бойынша, осындай есептерді жоғары математикада іске асыру оқу бағдарламасына компьютерлік технологияларды қолданысқа енгізуге жағдай жасайды. Жоғары математикадағы мұндай тапсырмаларға бірнеше талаптар қойылады, солардың бірнешеуі: материалдардың қолжетімділігі, білім алушыларға бұндай тапсырмалардың беретін жаңалықтары, тапсырмаларда шынайы жағдайларды қолдану. Атқаратын негізгі үш функциялары:

1. *Оқыту функциясы* – бұл функцияның негізгі мәні оқу этаптарының барлығында қолданыста болуы, қолдануы.

2. *Тәрбиелеу функциясы* – білім алушылардың ой- өрісінің дамуына және ғылыми сипатта ой ойлауына ықпалын тигізеді.

3. *Дамыту функциясы* – қолданбалы есептерді шешу арқылы теориялық білімді практикада қолдану мүмкінділігі.

Қолданбалы есептерді жоғары математикада шешу барысында әртүрлі дидактикалық мақсатта қолдануға болады:

1. Оқу құралын иллюстрациялау.

2. Практикалық білім мен әдістерді құрастыру.

3. Оқуға мотивация, қолданбалы есептер оқытылатын пәнге қызығушылықты арттырады. Себебі, әрбір тапсырманы белгілі бір жолдармен шешу мүмкінділігі кең.

4. Осыған дейін алынған білім мен тәжірибелерді бекіту мүмкінділігі.


5. Жаңа материалдарды оқу үшін қолданбалы есептерді қолдану. Бұл дегеніміз- тапсырманы шешудің жаңа жолдарын іздестіру, ойлау қасиетін дамыту және техникалық білімге сілтеме жасау.

Мұндай тапсырмалардың жоғары математикада қолданылуының негізгі қиындығы, математиканы қолданатын жағдайлары бар аталмыш есептің аздығы. Бірақ, осыған қарамастан техникалық мамандық бойынша білім алушылар, жоғары математикалық дайындығы үшін осындай есептердің орны ерекше. Себебі, оның негізгі дидактикалық мақсаты жоғары математиканы өзгелі техникалық ғылымдарын байланыстыра отырып, анық шешу жолдарын көрсетіп, білім алушылардың назарын, ойлау қабілетін, есте сақтауын дамытуда үлкен рөл атқарады.

Бұндай есептердің элементтерін оқып біле отырып, білім алушылар оның қолданбалы мүмкіндігін бағалап және меңгеріп математикалық талдау элементтерін кәсіптік есептерді шешуге қолдану дағдысына ие болады. Мысалға, «Туындының бейстандарт емес есептерде қолданылуы» тақырыбын қарастырайық. Келесі есептің негізгі мақсаты: функцияның минимумы, максимумы қай кезде анықталатынын білу.

1-мысал: Сыйымдылығы V , материалының қалыңдығы d -ға тең беті ашық науа (резервуар) салу керек. Осы науаны жасауға барынша аз материал жұмсау үшін оның өлшемдері (биіктігі, табанының радиусы) қандай болуы қажет?

Шешуі: 1-суретте науаның көлденең қимасы кескінделген. Ішкі цилиндрдің табанының радиусы x , ал биіктігін h деп белгілейік. Сыйымдылығы V_0 науаның табаны мен қабырғасына жұмсалатын материал барынша аз болу үшін ішкі цилиндрдің табанының радиусы мен биіктігінің қандай қатынаста болуы қажет.



1-сурет. Науаның көлденең қимасы

Науаның табаны мен қабырғасына кететін материалдың көлемі

$$V = (x + d)^2(h + d) - x^2h$$

формуласымен анықталады. Осы функцияның ең кіші мәнін анықтау қажет. Сонда V көлемінің тәуелсіз x пен h айнымалыларының функциясы болатынын аңғару қиын емес.

Ал, есептің шарты бойынша $V_0 = \pi x^2 h$, бұдан $h = \frac{V_0}{\pi x^2}$. Осы h -тың мәнін көлем формуласындағы орнына қойсақ, онда x -ке тәуелді болатын

$$V(x) = \pi d(x + d)^2 + \frac{2V_0 d}{x} + \frac{V_0 d^2}{x^2},$$

функциясын аламыз. Енді осы функцияның экстремумын іздейміз, ол үшін оның туындысын табамыз:

$$V'(x) = 2\pi d(x + d)^2 - \frac{2V_0 d}{x^2} + \frac{2V_0 d^2}{x^3} = \frac{2d(x + d)(\pi x^3 - V_0)}{x^3}$$


Бұл туынды бір ғана $x = \sqrt[3]{\frac{V_0}{\pi}}$ нүктесінде 0-ге айналады, демек осы нүкте осы

есептің шешуі болады. $h = \sqrt[3]{\frac{V_0}{\pi}}$

Сонымен, ішкі цилиндрдің табанының радиусы мен биіктігі өзара тең болғанда ғана, сыйымдылығы белгілі науаны жасауға барынша аз материал жұмсалады.

2-мысал: Химиялық лабораторияларда қолданылатын конус тәрізді дөңгелек фильтр (сүзгі) қағазды орау арқылы жасалады. АОВ секторынан басқа дөңгелектің қалған бөлігі конустық воронканың бүйір қабырғасын құрайтындай етіп оралады. Сүзгі қағаздың радиусы R болса, табаны қандай болғанда конустың сыйымдылығы үлкен болады?

Шешуі: x арқылы конустың табанының радиусын белгілейміз. $0 < x < R$. 0 -ге жақын x -тың мәнінде, R -ге жақын мәнінде, конустың $V = \frac{1}{3}\pi R^2 H$ болады.



2-сурет. Воронкалардың сызбалары

Көлемнің функциясы $f(x) = R^2 x^3 - x^6$ функциясымен қатар 0 немесе R болғанда үлкен мәнге ие болады. Осы функцияны экстремумға зерттей отырып, мынаны табамыз: $f'(x) = 4R^2 x^3 - 6x^5$. Туындыны нөлге теңестіріп, шеше отырып, мынандай үш түбір табамыз: $x_1 = 0$; $x_2 = -R$; $x_3 = (0; R)$ интервалына x_3 түбір ғана кіреді.

Конустық воронканың ең үлкен көлемі болатындай x мәні бар болғандықтан, x -тің мәнін зерттемей-ақ, соған сәйкес ең үлкен көлем бар деп, есептейміз. Бұндай воронканың биіктігі оның радиусы арқылы өрнектегенде R болады. Сонда воронканың максимал көлемі $V = R^3$ болады. Егер ACB доғасының ұзындығы 2 екенін ескерсек, оның сүзгі қағаздың шеңбер ұзындығына қатынасы $R = 0,81657$.

Онда ACB доғасында $360^\circ * 0,8165$, ал AB доғасы $360^\circ * 0,183566^\circ$ болуы керек екен. Кейде конустық воронкаларға сүзгі қағазды бірінің үстіне бірі қабаттап келтіреді. Ол кезде сыйымдылықтың 45° жоғалтатынын есептемей-ақ білуге болады.

Қолданбалы есептер эпизодты емес, жүйелі түрде шығарылуы керек. Қолданбалы есептердің ерекшелігі сонда, олар, біріншіден, өмірмен жақындатса, екіншіден, ондай есептерді шығару үшін жоғары математика элементтерін қайталауға тура келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде ғылымның барлық саласында әсіресе техникалық бағытта математикалық әдістерді қолдану қажеттілікке айналды. Ол қазіргі заман талабынан ғылымның және техниканың тоқтаусыз дамуынан туындайды. Қолданбалы

есептерді жоғары математикада кедергісіз шығарудың негізгі шарты, өзгеде техникалық ғылымдармен байланыс орнату, сол арнаулы арнайы байланысты бір ғылымның негізгі факторларын қолдана отырып шешімге келу.

Техникалық, атап айтқанда физика, химия, география және т.б. салаларда берілген тапсырмаларды қолданбалы есеп арқылы шығару барысында білімгерлер жол, жылдамдық және одан да үрделі ұғымдарды және заңдылықтарды, сонымен қатар, логикалық тізбе жасау негіздерін меңгереді. Осылайша, техникалық мамандық білімгерлері өз білімін практикамен ұштастырады, белгілі бір тапсырмаларға ғылыми математикалық әдісті тұжырымды қолдануды үйренеді және күрделіге жеңілге қарай принциппен оңтайлы шешім табу жолын үйренеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Темербекова А.А. Методика обучения математике: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / А.А. Темербекова, И.В. Чугунова, Г.А. Байгонакова. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2013. – 365 с.

2 Серікбаева В. Математикалық анализ элементтердің көмегімен қолданбалы есептерді шығарудың маңызы // Математика және физика ғылыми әдістемелік журнал. – 2006. – №4. – 2-3 беттер.

3 Кожашева Г.О., Касенова Д. Жоғары математика курсындағы қолданбалы есептердің ролі. «Ғылым, білім және инновация-Қазақстан 2050 стратегиясының орындалуының маңызды факторлары» атты конференция материалдары, Талдықорған, 2014.

4 Рахатова Р. Математикадағы қолданбалы есептердің түрлері // Математика және физика ғылыми әдістемелік журнал. – 2004. – №4. – 7 бет.

ИНТЕРНЕТ КӨЗІ:

1 Дерипаско А.А. Роль и место прикладных задач в процессе обучения математике / А.А. Дерипаско. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2019. – №31 (269). – С. 130-131. – URL: <https://moluch.ru/archive/269/61849/> (дата обращения: 11.12.2020).

Г.О. Кожашева¹, У.Н. Жұмақан¹

Роль прикладных задач в совершенствовании математической подготовки обучающихся технических специальностей

¹ Факультет естествознания,
Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова,
г. Талдыкорган, Алматинская область, Республика Казахстан.

G.O. Kozhasheva¹, U.N. Zhumakan¹

The role of applied problems in improving the mathematical training of students of technical specialties

¹ Faculty of Natural Sciences,
Zhetysu university named after Ilyas Zhansugurov,
Taldykorgan, Almaty region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье описывается роль прикладных задач в обучении и улучшении знаний по высшей математике студентов, обучающихся на технических специальностях. Определяются важность использования высшей математики для студентов технических специальностей посредством прикладных задач и пути их подготовки. Кроме того, показано, что особенности содержания и способы решения прикладных задач являются важным разделом для высшей математики.

Ключевые слова: высшая математика, прикладные задачи, студенты технических специальностей, направление, анализ, обучение, принципы.

Summary

The article describes the role of applied problems in teaching and improving the knowledge of higher mathematics students studying in technical specialties. The importance of using higher mathematics for students of technical specialties through applied problems and the ways of their preparation are determined. In addition, it is shown that the features of the content and methods of solving applied problems are an important section for higher mathematics.

Keywords: higher mathematics, applied problems, students of technical specialties, direction, analysis, teaching, principles.

МРНТИ 14.07.05

А.Ж. Аплашова¹, Ж.Д. Басхан¹

¹ Педагогика жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: aplashova.arna@mail.ru, zhanerke.basxan@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫНА ЖӘНЕ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп-интернаттағы жасөспірімдердің мінез-құлық стратегиясына және тұлғааралық қарам-қатынасына полиэтникалық факторлардың әгері жайлы айтылған. Әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі мен әлеуметтену институттарының, оның ішінде отбасының дағдарысы жағдайында білім беру мекемесінің тәрбиелік ортасы балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін ерекше мәнге ие болады. Сонымен бірге этносаралық өзара іс-қимыл проблемаларының шиеленісуі көп этностық ортадағы тұлғааралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған жаңа шешімдерді іздеуді талап етеді. Осыған байланысты білім беру институттарының маңызды міндеті балаларда тұлғааралық толеранттылықты және жанжалсыз өзара әрекеттесуді қалыптастыру болуы мүмкін. Жасөспірім бұл үшін ең қолайлы болып табылады және жасөспірімдердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қолайсыз әлеуметтік орта олар үшін ерекше ауыр зардаптарға әкеледі. Әр түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың психологиялық зерттеулерінде жасөспірімдердің мінез-құлық стратегияларын қалыптастыруға қатысты бірқатар фактілер мен заңдылықтар анықталды, топ ішіндегі сипатталған.

Тірек сөздер: мінез-құлық, когнитивті-эмоционалды бағалау, дисфункция, этникалық ерекшеліктер, тұлғааралық қатынастар, этностық орта, құндылық бағдарлар, үстемдік, манипуляция, бәсекелестік, серіктестік.

КІРІСПЕ

Жасөспірімдік кезең – ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынас қайшылықтары шиеленісетін шақ. «Жасөспірім-жасөспірім» және «жасөспірім-ересек» сияқты өзара қатынас алаңындағы дамудың әлеуметтік жағдайын ескерсек, бұл кезең – ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынас дағдарысы

ретінде сипатталады. Ересектер бейнесінде көбінесе жасөспірімдермен жиі қайшылықтарға тап болатын мұғалімдер мен ата-аналар көрініс табады. Осылайша, екеуара жанжалдық қарым-қатынас үш байланыс жүйесінде өтеді: «жасөспірім – ата-аналар», «жасөспірім – мұғалімдер» және «жасөспірім – жасөспірім».

Жасөспірімдердің құрдастарымен араласуы – олардың өмірінің ерекше өрісі. Кейде құрдастық қарым-қатынас қызықтығы сондай, ол білім алу жоспарына кедергі келтіреді, тіпті, жақын адамдармен араласу белсенділігін төмендетеді. Бірақ, мұндай әсердің психологиялық механизмдері мұғалімдер мен ата-аналарға көбінесе түсініксіз. Ал жасөспірімдер арасындағы қақтығыс қатынастары көшбасшылық үшін күреске негізделген. Жанжалшыл мінез-құлықтың негізгі факторлары – шағымдардың, өзін-өзі бағалау мен мәртебенің деңгейі. Жасөспірімдер мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастар қызметтік, жүріс-тұрыс және көзқарас қақтығыстарымен қоса жүреді. Педагогикалық қақтығыстар білім беру қызметінің ерекшелігіне, тараптардың мәртебесі мен жасы бойынша ерекшеліктеріне байланысты. Мұғалімнің конфликт кезіндегі конструктивтік іс-әрекеті өз ұстанымын дұрыс анықтай білуіне, ата-аналармен қарым-қатынасқа, сынып пен педагог қызметкерлердің ықпалын пайдалануына, жасөспірімнің жеке басын құрметтеуге, тәрбиеленушілермен өзара әрекеттестікті оңтайландыруға арналған ұсыныстарды пайдалануға мүмкіндік береді.

Әр түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың психологиялық зерттеулерінде жасөспірімдердің мінез-құлық стратегияларын қалыптастыруға қатысты бірқатар фактілер мен заңдылықтар анықталды, топ ішіндегі құбылыстар сипатталды тұлғааралық қатынастарды дамытудың тетіктері, соның ішінде мектеп-интернаттардағы балалар. Мінез-құлық стратегиялары психологияда ұзақ уақыт бойы тұрақты мінез-құлық формалары ретінде зерттелген (Р. Блейк және Дж. Буд, Н.В. Гришина, Т. Джи. Крюкова, К. Томас және Р. Киллмен (K.W. Thomas, R.H. Kilmann) және т. б.). Жақында отандық зерттеулерде мінез-құлық стратегиясының факторлары белсенді зерттелуде (негізінен қақтығыста). Осыған байланысты қақтығыс мінез-құлқының жеке-психологиялық детерминанттары зерттелді (Т.В. Черняева, 2008), қақтығыстағы мінез-құлық стратегиясының әлеуметтік-психологиялық және жеке-психологиялық детерминанттарының арақатынасы (В.В. Пехтерев, 2011), қақтығыстардың жасырын теорияларының мінез-құлық стратегиясына әсері (М.В. Кишко, 2003), қақтығыс жағдайының бейнесі (Н.И. Леонов, 2002; М.М. Главатский, 2003), қиын жағдайларды когнитивті-эмоционалды бағалау (Т.П. Бутенко, 2009), жеке тұлғаның бейнесі (Т.П. Харькова, 2011), субъективті әл-ауқаттың тәжірибесі (немесе дисфункция), ол өзара әрекеттесетін белгілі бір жағдайларды субъективті түсіндіру нәтижесінде (Е.Е. Бочарова, 2005), жеке тұлғаның (жасөспірімдердің) мазасыздығы (О.А. Царева, 2007), ата-аналардың

тәрбиелік әсерінің түрі (И.В. Захарова, 2009) және т. б. Отандық авторлардың отбасынан тыс балалардың дамуына арналған көптеген зерттеулерінде ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалардың сипаттамалары зерттелді (А.А. Бодалев және В.В. Столин, 1989; Г.А. Ковалев, 1993; Й. Лангмейер, З. Матейчек, 1984; Крайг, 2000; е.т. Соколова, 1986; Э.Г. Эйдемиллер, В. Юстицкис, 1999), отбасынан тыс өмір сүретін жасөспірімдердің жеке даму ерекшеліктерін зерттеді (Г.Х. Багандова, М.М. Далгатов, 2010; Е.П. Белинская, О.А. Тихомандрицкая, 2001; О.И. Ефимова, А.А. Ошчепков, 2010; И.В. Дубровина, 1981; В.С. Мухина, 1991; Л.Ф. Обухова, О.А. Шаграева, 1999; Е.Т. Соколова, 1986, т. б.) [1].

Сонымен бірге жасөспірімдер арасындағы топшілік қатынастардың қалыптасу заңдылықтары анықталды (Л.И. Акатов, 2003; Л.Ф. Анн, 2005; Л.И. Божович, 1995; М.Э. Боцманова, 1980; Я.Л. Коломинский, 1976; И.С. Кон, 1989; М.Ю. Кондратьев, Ю.М. Кондратьев, 2006; М. Кле, 1991; А.П. Краковский, 1970; Е.К. Личко, 1983; Б.С. Мухина, 1998; А.В. Петровский, 1998; А.Н. Приходиан, 1990; Х. Ремшмидт, 1994; Э. Рутман, 1996; М.Е. Сачкова, 2006; Л.И. Уманский, 1975; Д.И. Фельдштейн, 1982; Д.Б. Эльконин, 1989; Э. Эриксон, 1996 және т. б.). Сондай-ақ, мектеп-интернаттардағы жасөспірімдер топтарындағы тұлғааралық қатынастардың бірқатар ерекшеліктері анықталды (А.А. Алдашева, 1984; М.А. Егорова, 2006; М.Ю. Кондратьев, 1997; И. Лангмейер, З. Матейчик, 1991; В.С. Мухина, 1991; Е.А. Поляков, 2008; А.Н. Приходиан, Х.Х. Толстых, 1990; Л.Ф. Сенкевич, 2006; М. Трофимова, 1982; Н.Ю. Хрящева, 1976, т. б.). Этникалық ерекшеліктер адамның кез-келген мінез-құлық көріністеріне, әсіресе тұлғааралық көріністерге әсер ететіні анықталды өзара іс-қимыл және тұлғааралық қатынастар (А.М. Аветян, 2011; Е.П. Белинская, Т.Г. Стефаненко, 2000; Р. Берон және басқалар, 2003; З.М. Гаджимурадова, 2008; Д.В. Ефимова, 2005; В.Г. Крысько, 2002; Р.А. Кутбидинова, А.А. Еромасова, 2009; Д. Майерс, 1997; Е.И. Резников, 2002; М.С. Мурзаев, 2003; Г.У. Солдатова, 2008; С.Х. Халитова, 2010; Е.Ю. Чеботарева, 2012, т. б.) [2]. Сонымен бірге, көп этностық орта, атап айтқанда, топтың көп этностық құрамы жеке тұлғаның мінез-құлық стратегиясына және топтағы тұлғааралық қатынастарға қалай әсер ететіні туралы мәселе де түсініксіз және даулы болып қала береді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әр түрлі білім беру мекемелеріндегі жасөспірімдердің мінез-құлқы мен тұлғааралық қарым-қатынас стратегияларының айырмашылықтары мен ерекшеліктерін анықтайтын факторлар, оның ішінде көп ұлтты фактор жеткіліксіз зерттелгеніне сүйене отырып, бұл зерттеу мәселесі білім беру ортасы мен

топтардың көп этникалық құрамы жағдайларының мектеп-интернаттардағы жасөспірімдердің мінез-құлық стратегиялары мен тұлғааралық қатынастарына әсері және жасөспірімдердің көп этникалық топтарындағы мінез-құлық және тұлғааралық қатынастар стратегиясының ерекшеліктері ретінде анықталған. Мінез-құлық стратегиялары тұрақты мінез-құлық формалары ретінде бұрыннан зерттелген (Т.Л. Крюкова, Р. Лазарус, В. Стефансон, А. Томас, Э. Эндлер және Д. Паркер, С. Фолкман, Е. Хейм және т. б.). Біріншіден, бұл қақтығыстағы мінез-құлық стратегиясына, күрес стратегиясына, өмірдегі мінез-құлық тенденцияларына қатысты. Энциклопедиялық сөздікте (ред. А.Б. Петровский) мінез-құлық стратегиясы «нақты өмір барысында қалыптасатын және негізінен жүйелілігі ішінара сананың бақылауында болатын әдеттегі әрекеттерден тұратын, оның өмірінің әртүрлі мәселелерін шешу үшін субъект таңдаған тұрақты әрекеттер жиынтығы» ретінде анықталады (жалпы психология: сөздік, 2005, 130 б.) [3].

И.Н. Трофимова мінез-құлық стратегиясы адамның көптеген басқа әрекеттерден белгілі бір әрекеттерді жеке таңдауының нәтижесі екенін көрсетеді және оны құндылық бағдарларымен байланыстырады, сонымен бірге ол дамыған физикалық әрекеттерді де, мінез-құлық стратегияларын да қамтиды. Ақпаратты өңдеу, объектілерді бағалау және мінез-құлықты реттеу әдістері (сол жерде). Талқыланатын тұжырымдаманың негізгі сипаттамалары ретінде Т.И. Пономаренко мінез-құлықтың мақсаттылығы мен тұрақтылығын анықтайды: «мінез-құлық стратегиясы бойынша біз тұрақтылықтың жалпы бағытын түсінеміз қол жеткізу үшін белгілі бір дәйектілікпен құрылған мінез-құлық (іс-қимыл) нысандарын (Т.И. Пономаренко, 1998, 32 б.). Айта кету керек, психологияда стратегиялар ойлау әрекеттеріне (танымдық стратегияларға) қатысты жиі зерттеледі. Оған мысал: А.В. Карпов қарастыратын басқарушылық қызметтегі «шешім қабылдау стратегиялары» (А.В. Карпов, 1991; 2001). Психологиядағы стратегияларды зерттеудің тағы бір мысалы – өзара әрекеттесу стратегиясы (адамға әсер ету). Мысалы, Г.А. Ковалевтің типологиясында психологиялық әсердің үш негізгі стратегиясы ерекшеленеді: «императивті», «манипулятивті» және «дамытушы» (Г.А. Ковалев, 1987). Әсер ету (әсер ету) стратегиясына жүгіну мұнда қызығушылық тудырады, өйткені төменде қарастырылған мінез-құлық стратегиялары тұтастай алғанда қарым-қатынастағы өзара әрекеттесу стратегиясына жақын. Атап айтқанда, Е.Л. Доценко (1997) тұлғааралық қатынастардағы өзара әрекеттестіктің деңгейлерін қарастыра отырып, бес деңгейді анықтайды: үстемдік, манипуляция, бәсекелестік, серіктестік, достастық. Мұндағы көзқарастарды ажыратудың критерийі-симметрия дәрежесі-қатынастардың асимметриясы, басқа құралға немесе құндылыққа қатынасы (Е.Л. Доценко, 1997). Е.В. Сидоренко (1997) сол негізде (симметрия – асимметрия) конструктивті және деструктивті әсер түрлерін

ажыратады, бұл қақтығыстағы мінез-құлық стратегиясымен тікелей байланысты. Сондай-ақ, қарым-қатынас процесінде мінез-құлық формалары немесе қарым-қатынас әдістері «қарым-қатынас субъектісінің көзқарастарының, ережелердің және нақты жауап беру әдістерінің жиынтығы» ретінде анықталған мінез-құлық стратегиясына жақын...» (XXI ғасыр психологиясы, 2003, 659 Б.) [3].

Конфликтолог сөздігінің авторлары (А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов, 2010) мінез-құлық стратегиясын жеке адамның (топтың) жанжалға бағдарлануы, олардың қақтығыс жағдайында белгілі бір мінез-құлық формаларына орнатылуы немесе жанжалдағы жалпы мінез-құлық бағыты ретінде қарастырады. Н.В. Гришина мінез-құлық стратегиясын белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған ақыл-ой мен мінез-құлық актілерінің белгілі бір дәйектілігі ретінде анықтай отырып, мақсаттылық аспектісіне баса назар аударады. Ол тиісті жауап беру стратегияларын сипаттайтын барлық терминологиялық айырмашылықтар үшін «осы белгілердің айырмашылығы үшін адамның өзімен және басқа адамдармен туындаған қақтығыстарға жауап беруінің бірдей іргелі баламалары бар» (Н.В. Гришина, 2008, 226 б.) [4]. Автордың өзі жауаптың әртүрлі формаларын сипаттауда кету, Күрес және диалог ұғымдарын қолданады. Бұл жағдайда жанжалдың өзара әрекеттесуінен аулақ болу, жанжалды елемеу ретінде түсіндіріледі; өзімен немесе серіктесімен күресу.

Осылайша, жоғарыда келтірілген анықтамаларға тән мінез-құлық стратегиясын әрдайым саналы түрде жүзеге асырылмайтын және белгілі бір мақсатқа жетуге әкелетін тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларына динамикалық стереотиптерді, ойлау стратегияларын және эмоционалды жауап беру тәсілдерін қамтитын мінез-құлық бағыты ретінде түсіну. Жоғарыда айтылғандай, мінез-құлық стратегиялары зерттеушілерді, ең алдымен, қақтығыстағы адамның өзара әрекеттесуіне қатысты қызықтырады. Сондықтан осы мәселеге арналған зерттеулердің басым көпшілігі: қақтығыстағы мінез-құлық стильдері, қақтығыстарды шешудің әдістері, әдістері және т. б.

Жанжалдың әлеуметтік-психологиялық талдауы туралы әдістемелік мақалада Л.А. Петровская (1977) қақтығыс мінез-құлық жанжалға қатысушылардың сипаттамалары мен оның өту жағдайларының ерекшеліктерімен анықталатынын атап өтті. Сонымен қатар, жанжалға қатысушылардың әрқайсысының жанжалды жағдайының бейнесі оның мінез-құлқына делдал болады. Жанжал жағдайының бейнелері, автордың ішкі суреттері қатысушылардың өздері туралы идеяларын (олардың мотивтері, мақсаттары, құндылықтары, мүмкіндіктері және т.б.), қарама-қарсы жақтар туралы идеяларды (олардың мотивтері, мақсаттары, құндылықтары, мүмкіндіктері және т. б.) және жанжалды қатынастар қалыптасатын орта туралы идеяларды қамтиды. Осылайша, автор атап өткендей, шындықтың өзі емес,

қақтығыс жағдайының идеалды суреттері қатысушылардың қақтығыс мінез-құлқының тікелей детерминанты болып табылады (Л.А. Петровская, 1977) [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарапайым мектептер мен мектеп-интернаттарда айтарлықтай ерекшеленбейтін топтық ұйымшылдыққа қарағанда, мектеп-интернаттардың жасөспірімдер топтарында психологиялық климат пен психологиялық ахуал әлдеқайда жақсы. Жоғарыда айтылғандай, көп этникалық топтар аз бірлігі бар, моно-этникалық топтардан жақсы психологиялық климатпен ерекшеленеді. Моно-этникалық топтардағы топтық бірлестік топтық нормаларды қатаң түрде бекітіп, қорғаныс функциясын орындайды деп болжауға болады. Екі фактордың – балалар мекемесінің типі мен этникалық ортаның – психологиялық тұтастыққа, психологиялық климат пен топтағы атмосфераға бірлескен әсерін (өзара әрекеттесу әсерін ескере отырып) талдау нәтижелері жасалған тұжырымды растайды.

Жасөспірімдердің мінез-құлық стратегиясындағы айырмашылықтарды және қоршаған орта жағдайларымен ерекшеленетін топтардағы тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндірген кезде балалардың әлеуметтенуі мен көзқарастарының қалыптасуының, сондай-ақ топтық динамиканың дамуының жалпы заңдылықтарына жүгіну керек. Мінез-құлық стратегиясындағы байқалған айырмашылықтар және мектеп-интернат жасөспірімдерінде, әсіресе көп этникалық топтарда, тұлғааралық қарым-қатынастың оң стратегиясының басым болуы қоршаған орта жағдайларына байланысты болуы мүмкін. Бір жағынан салыстырмалы түрде жабық топта, екінші жағынан тілдік және мәдени ерекшеліктерімен ерекшеленетін балалармен қарым – қатынас жасау қажеттілігі жасөспірімдерді өзара әрекеттесудің жанжалсыз шарты болып табылатын сәйкестік, тұлғааралық сезімталдықты дамытуға итермелейді.

Мектеп-интернаттардың балалар топтарындағы қарым-қатынас көбінесе мәжбүрлі, ал топқа тәуелділік қарапайым мектептерге қарағанда күшті екенін есте ұстаған жөн. Қарапайым мектептердегі балалардың этникалық ерекшеліктері бірқатар жағдайлармен теңестіріледі. Оқушылардың көп этникалық құрамы бойынша мектептер көбінесе қалалар мен ірі қалаларда кездесетіндіктен, мұнда балалар күнделікті мәдениеті мен әлеуметтік тәжірибесінің ұқсастығымен ерекшеленеді, бірдей сценарийлерді біледі, жалпы тілде бірдей сөйлейді; оларда қарым-қатынаста кедергілер болмайды, оларды жеңу адамдардың әлеуметтік-психологиялық айырмашылықтарын қабылдау мен түсіну қабілеттерін дамытуды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Васильева О.С. Эмпирическое изучение развития межличностных отношений старшеклассников в полиэтнической образовательной среде / О.С. Васильева, А.М. Аветян // Российский психологический журнал. – 2010. – Т. 7. – №2. – С. 23-32.

2 Егорова М.А. Особенности психологических новообразований подростков в школе интернате / М.А. Егорова // Дефектология: научно-методический журнал. – 2006. – № 1. – С. 25-29.

3 Ефимова Д.В. Национальное самосознание и социально-психологические характеристики личности толерантных и интолерантных подростков: автореф. дис. ... канд. психол. наук: 19.00.05 / Ефимова Диана Валерьевна. – Самара, 2005. – 24 с.

4 Солдатова Г.У. Психология межэтнической напряженности.

5 Стефаненко Т.Г. Этнопсихология / Т.Г. Стефаненко. – М.: Институт психологии РАН, «Академический проект», 1999. – 320 с.

А.Ж. Аплашова¹, Ж.Д. Басхан¹

Влияние полиэтничного фактора на стратегию поведения и межличностные отношения подростков

¹ Высшая школа педагогики,
Павлодарский педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.Zh. Aplashova¹, Zh.D. Baskhan¹

The influence of the multi-ethnic factor in the strategy of behavior, and interpersonal relationships of adolescents

¹ Higher school of pedagogy,
Pavlodar pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье рассказывается о влиянии полиэтничных факторов на стратегию поведения и межличностное отношение подростков в школе-интернате. В условиях обострения социальных отношений и кризиса институтов социализации, в том числе и семьи, особое значение для развития и социальной адаптации детей приобретает воспитательная среда образовательного учреждения. Вместе с тем обострение проблем межэтнического взаимодействия требует поиска новых решений, направленных на гармонизацию межличностных отношений в полиэтнической среде. В связи с этим важ-

ной задачей образовательных учреждений может стать формирование у детей межличностной толерантности и бесконфликтного взаимодействия. Подростковый возраст является наиболее благоприятным для этого, а неблагоприятная социальная среда, обусловленная возрастными и психологическими особенностями подростков, несет для них особенно тяжкие последствия.

Ключевые слова: поведение, когнитивно-эмоциональная оценка, дисфункция, этнические особенности, межличностные отношения, этническая среда, ценностные ориентации, доминирование, манипуляция, конкуренция, партнерство.

Summary

The article describes the influence of polyethnic factors on the behavior strategy and interpersonal attitude of adolescents in boarding school. In the context of the aggravation of social relations and the crisis of socialization institutions, including the family, the educational environment of an educational institution is of particular importance for the development and social adaptation of children. At the same time, the aggravation of problems of interethnic interaction requires the search for new solutions aimed at harmonizing interpersonal relations in a multiethnic environment. In this regard, an important task of educational institutions can be the formation of interpersonal tolerance and conflict-free interaction in children. Adolescence is the most favorable for this, and the unfavorable social environment, due to the age and psychological characteristics of adolescents, has particularly serious consequences for them.

Keywords: behavior, cognitive-emotional assessment, dysfunction, ethnic characteristics, interpersonal relationships, ethnic environment, value orientations, dominance, manipulation, competition, partnership.

МРНТИ 14.07.05

А.Қ. Нұрғалиева¹, А.Қ. Нұрғалиева¹, К. Ахметова¹

*¹ Педагогика жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық униерситеті,
Павлодар, Павлодар облысы, Қазақстан Республикасы
e-mail: nurgalievaak@mail.ru, aknurgalieva@mail.ru,
e-mail: akhmetovak1998@gmail.com*

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезде еліміздің егемендігін сақтап қалу үшін жастардың бойында ұлттық патриотизм құндылықтарын дамытудың өзектілігі қарастырылған. Осыған орай авторлар қазіргі таңда жастарды отансүйгішілікке тәрбиелеу мәселелері бойынша жүргізілген зерттеулерге тоқталады. Олардың қатарында Қ. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев, З. Сәнік, Б. Садықан, А.Н. Иманбетов, Р.А. Жаңабаева, Т. Табылдиев, С. Ғаббасов, Қ.Ж. Қожахметова сияқты ғалымдар бар. Олардың зерттеулерінде жастарға Отанына адал болуға, ұлтын сүйуге, оның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, ділін, дінін, өткен тарихын құрметтеуге осы бастан, ертеңге қалдырмай, ұлттық рухта, ұлттық негізде тәрбие берілуі керектігі терең қарастырылған. Ұлтын сүйуге баулитын іс-әрекетті ұйымдастыру мақсатары мен міндеттері, отансүйгішілік тәрбиенің іске асырылуына қойылатын талаптарына мақалада басты назар аударылған. Мақалада бүгінгі таңда оқушылардың ұлттық сезімін қалыптастыру процесін жетілдіру үшін жүргізілетін іс-шаралар орын алған.

Тірек сөздер: ұлттық патриотизм, отансүйгішілік, құндылықтар, отансүйгішілікке тәрбиелеу, ұлтын сүйу, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық рух, отансүйгішілік тәрбие.

КІРІСПЕ

Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті. Ұлтымыздың қайсар да батыр ұлы Бауыржан Момышұлы ұлттық мақтанышты ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң деп ерекше бағалаған.

Қазақ тағылымының ұстанған негізгі бағыты – ата-бабалардың үлгі-өнегесі, дүниеге шынайы көзқарасы, бостандыққа, еркіндікке, тәуелсіздікке, дербестікке

ұмтылысы. Бұл алдан күткен арманы, ойға алған негізгі мақсаты. Тәрбие – ұрпақ үшін күрес құралы. Қазақ өмірі – тәрбие оқулығы.

Біздің халқымыз ерте заманнан бері бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, жас жеткіншектің нағыз адам болуына өз қамқорлығын жасаған. Сондықтан «Баланы жастан» деген нақыл сөз қалдырған. Жас баланы жастайынан өз ана тілінде сөйлетіп, таза сөйлеуге, еңбекке, кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға үйретуде халық педагогикасының алатын орны ерекше. Сондықтан да мектеп өзінің тәрбие жұмысын атқаруда, оқу үдерісі барысында өзге жол іздемей-ақ халық педагогикасына бой бұруы керек. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, тәрбие жұмысы оқушының өмірінде маңызды рөл атқарады. Себебі тәрбие әр баланың бойында өмірлік белсенді позиция қалыптастыруда, ел алдындағы, ата-ана алдындағы борышына саналы қарауға зор ықпал жасайды. Тұлға тәрбиесі жоғарыда айтылған салт-дәстүр, тіл өнері негізінде жүргізілген уақытта ғана оқушыға үлкен әсер етеді.

Е.М. Фрадлиннің айтуынша, «заманауи дүниетаным аясындағы патриотизм маңызды негіздік ұстаным мен қоғамның рухани мәдениеті құндылығы болып табылады, бұдан адам мен қоғам, азамат пен мемлекет, жеке тұлға мен оның макроәлеуметтік ортасы, жеке және қоғамдық мүдде арақатынасы жиынтық түрде көрініс табады. Дамыған патриоттық сана адаммен қашанда сөздің кең мағынасында әлеуметтік категория болып табылатын оның Отаны, Атамекені арасындағы жоғары дәрежедегі ортақтық, тұтастықты өз бойында тұтады. Тарихтың барлық кезеңдерінде патриотизм адамдардың қоғамға қатысты парызын, өз мемлекетіне қатысты азаматтық борыштарын атқарушылыққа деген қатынасымен тікелей байланысты болған» [1].

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдері азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Патриоттық тәрбиеде тұлға үшін барынша жақын әрі мейлінше маңызды қоршаған әлем ретіндегі Отанның, Атамекеннің, мемлекеттіліктің мәнділігі көрінетін түрлі нысандар, қатынастар, символдар мен нормалар шоғырланады.

Қазақстандық патриотизм идеялары барынша бай болса да, қоғамдық ұйымдар, ұлттық бірлестіктер ұлтаралық және патриоттық тәрбие берудің қазіргі кезеңге сай келетін пәрменді концепциясымен әзірше қаруланбағанын мойындаған жөн.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеологиялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отан-сүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру.

Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді, – делінген [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Отанды сүю от басынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді.

«Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу – елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұлқызының санасына үнемі сіңіріп отырған. «Ер намысы – ел намысы», «Ер – намыстың құлы», «Арың үшін алысу – азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады.

Баланы туа салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің өнегелі өсиеті болып табылады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетіп бақты. Оған айқын мысал, Құлтегін, Тонькөктердің ерлік дәстүрінен бастап, XVIII ғасырдағы Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, тағы басқа батырлардың тәрбиесіне назар аударсақ, айқын байқаймыз. Мысалы, З.Сәнік, Б.Садықанның «Қаракерей Қабанбай» атты еңбегінде Ерасылдың балалық шағынан бастап батырдың жеке тұлғасын қалыптастыруда ата-ананың, ағайын-тумалардың әлеуметтік ортаның игі ықпал еткенін көреміз [3].

Біз бұдан ұрпақ тәрбиесіндегі отбасы, Отанының, өскен ортасының әсерінің орасан зор екенін байқаймыз. Ер елдің ық жағынан панасы, қорғаны деп бағалаған ата-бабамыз «ерлікті тәрбиеден туады» деп ұққан. «Батыр», «ер» деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген.

«Батыр дегеніміз (араб және иран тілдерінде баһадүр) – жауынгершілік кездер мен әскери жорықтарда жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін құрметті атақ. Ал батырлық жеке адамдарға тән патриоттық қасиет» деп берілген анықтамаларды негізге ала отырып, батырлық, батыр, ер, ерлік және ұлттық жауынгерлік дәстүр оның ерекшеліктеріне, ерлік тәрбиесіне педагогикалық тұрғыда түсініктеме берілді. Батырлық – соғыс жағдайында соғыс тәсілдерін жетік меңгеріп, ірі жағдайларда жауынгерлердің ерекше көзге түсуі.

Батырлықтың ерекше белгісі соғыс жағдайында көрінеді. Батыр – соғыс өнеріне, стратегиясына жетік, ірі шайқастарды жеке ерлігімен де, өзіне қарасты әскери топты басқара білумен де көзге түсіп, халық таныған адам. Батырдың бар ғұмыры ел қорғауға, жорыққа бағышталды.

Жүзжылдықтар бойы қалыптасқан тәрбие дәстүрлеріне орай, батыстың дарашылдық үлгісі қазақстандық қоғамда тамыр жая алмады. Қазіргі заманғы дүниеде әрбір елдің өз ұлттық мүдделерін, өзіндік ерекшелігін қорғауы – бұл мемлекеттік саясат пен халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі. Сондықтан дерексіз қоғам тұлғасын бағдар ететін тәрбие жеткілікті тиімді емес. Бұндай тәрбие нәтижесінде қара басының мүдделерін күйттеуші дерексіз «азаматтық қоғам» өкілдері шығады. Сол себепті бүгінде біз қоғамды осындай дәрежеге жеткізбеуіміздің жолын іздеуіміз қажет.

Осыған орай ғалым Жұмабек Кенжалиннің әділ атап кеткеніндей: «Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөзуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиіс. Себебі әлеуметтік әділетсіздік, принципсіздік орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын факторлар жойылады. Ал ондай сезімі, отаншылдық рухы сөнген елдің болашағы да бұлыңғыр болатынын тарих дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сыпатына айрықша назар аударып отырған абзал».

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті – бұл, сондай-ақ, тұлғаның рухани-өнегелік және саяси-әлеуметтік әлеуетінің тәжірибе жүзіндегі көрінісі.

Өкінішке орай, тәрбие жұмысында «ұлттықты» – жалпыадамзаттықтың игілігіне жұмыс істейтін факторға айналдыру мүмкіндіктері әлі де әлсіз пайдаланылуда. Ал, онсыз жалпыадамзаттық құндылықтардың өздерінің ұлттық қатынастар жүйесіндегі дамуы мен тәжірибе жүзіне асуы үйлестігіне жету қиын. Ал ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті іс жүзінде жалпыадамзаттық типті ұлтаралық қатынастардың ұдайы өндірісінің маңызды шарты ретінде көріне алады және көрінуге тиісті де.

Қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру үдерісін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді. Тек тұлға ғана өзінің Отанға деген қатынасын ішкі, қастерлі сезім ретінде пайымдауға қабілетті. Сол себепті, патриотизм де тұлғаның биік даму деңгейін сипаттайтын аса маңызды рухани игілік ретінде түсініледі.

Патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм өмірдің, жағдайдың, оқиғаның барлық жекелеген

қырлары мемлекеттің, Отанның, Атамекеннің тұтастығы мен бірегейлігімен тікелей байланыста алып қарастырылатын қоғамдық қатынастардың мәні мен құндылықтарын зерделеу тәсілі ретінде көрінеді. Патриотизмді тәрбиелеу – бұл тұлғаның, елдің, оның мәдениетінің бірегейлігі, әлеуметтің, халықтың әлеуметтік психологиясының ерекшеліктері толымды көрініс табатын қоғамдық өмірді ұйымдастырудың мәні мен мақсаттарын пайымдау арқылы жүйелі дамуы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін діттейді, өйткені оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел, жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады.

Ата-бабаларымызға, қазақ халқының дарынына, оның Қазақстанның мақтанышы ғана емес, әлемдік өркениеттің игілігіне айналған жасампаз еңбегі мен өнеріне сүйсінушілік, құрмет сезімдерін тәрбиелеу ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың басты алғышарттарының бірі болып табылады [4].

Жалпы әлеуметтік тұрақтылықты, ең әуелі, саяси тұрақтылықты негізгі қызметтерін сатылы түрде, бірізді атқаратын саяси жүйе қамтамасыз етеді. Ал, бұл оның туындайтын мәселелер мен қайшылықтарды дер кезінде анықтап, оларды шешудің сәйкес шараларын қабылдайтындығын білдіреді. Сондықтан қоғам тұрақтылығын өз іс-қызметінде тек заңдар мен басқа да нормативтік актілерге сүйенетін мемлекет «жоғарыдан» қамтамасыз етеді. Осы арқылы жүйенің қызмет ету қарқындылығы қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда барша саяси билік субъектілерінің қызмет-қайраткерлігін бақылау зор маңызға ие болады.

Алайда тұрақтылық, оның ішінде саяси тұрақтылық, қоғам демократиялығының дамуына қарай, азаматтардың жүзеге асыратын шынайы саясаты, саяси басшылығының дұрыстығы негізінде билік органдарына деген сенімінің күшеюіне қарай едәуір нығайып, мейлінше тұрақты бола түседі. Бұл жағдайда тұрақтандарушы сана патриоттық санамен «қабысып», қоғам дамуы мен нығаюының күшті тұрақтандырушы факторы маңызын иеленеді.

Жоғары да айтылып кеткендей, дәл осы патриотизм қоғамның саяси бірігуіне, ынтымақтасуына немесе, керісінше, саяси жіктелуіне, бөлінісіне әкеле алады. Ақпараттық-бағдарлық тұрғыда дәл осы патриоттық көзқарастар әрекет етуші саяси жүйе туралы саналы білімді бойына тұтып, осыған байланысты адамдар мінез-құлқының саяси бағыттаушысы болып табылады. Дәл осы патриотизм адамның өз Отанында үстемдік ететін саяси билік жүйесін қолдауының немесе, керісінше, оған қарсы болып күресуінің негізгі себептерінің біріне айналады.

Осылайша, кеңінен ұғынылатын патриотизмнің саяси рөлі саяси қатынастарды тікелей реттеушілігінен көрінеді. Қоғамның саяси-әлеуметтік құбылысы ретіндегі патриотизм саяси билікке тікелей ықпал етеді; ұлттық-мемлекеттік қауіпсіздікті

қамтамасыз етеді; саяси және саяси-әскери тұрақтылыққа қолдау жасайды; қоғамның саяси мәдениетін қалыптастырады және т.б.

Шынайы патриотизмді жаңғырту – Қазақстанды жаңғыртуға жасалған қадам. Дәл осы патриотизм халықтың рухани игілігі, қоғамдық сана мен қоғамдық және мемлекеттік жүйелер тұғырының негізгі элементтерінің бірі болып табылады, олардың тіршілік әрекеті мен тиімді қызметінің рухани-өнегелік негізін құрайды.

Қазақстанда жаңа әлеуметтік құрылым орнықты. Қоғам тепе-тең әрі ұзақ мерзімді тұрақтылық күйіне енді. Бұл өзгерістер бұқаралық сананың және, сәйкесінше, патриоттық сананың ішкі феномендік құрылымдарының біржола түрленуіне алып келді. Бұқаралық та, патриоттық та сана иесі Қазақстан халқы болып табылады. Қазақстан халқы – тарих пен мемлекеттің өзегі, және де бұқаралық сана мен мінез-құлық субъектісі ретінде ол жаңа сапалық сипатта танылды. Іс жүзінде салыстырмалы тұрақтылыққа, экономикалық өрлеуге, билік үстемдігін бекітуге қол жеткізілді.

Осылай қазақстандық қоғам тұрақтылығының қуатты факторы ретіндегі патриотизмнің саяси-әлеуметтік маңызы аса зор. Оның біріктіруші, тұтастырушы, тұрақтандырушы роліне ешкім күмән келтірмесі анық. Бұған қоса оның осы тұтастырушы, тұрақтандырушы маңызына күллі тарихи даму барысы айғақ бола алады.

Қазақстандық патриотизмнің негізі – ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Осыларға қазақ күресін де жатқызуға болады, себебі оқушыларды қазақ спорты, оның ішінде қазақ күресі арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелеріне қатысты қорытындылар мен тікелей мектеп практикасындағы бапкерлердің іс-тәжірибелерінің нәтижелеріне сүйене отырып, біз орта мектептерінде қазақ күресі арқылы патриотизмге тәрбиелеу – оқушылардың нақты іс-әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алу керек деп тұжырымдадық. Патриотизмге тәрбиелеу үдерісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмағанмен, бұл іс әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болғандықтан, оқытушылар жаттығу барысында, біріншіден, терең патриотизм – Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген сүйіспеншілік; екіншіден – халықтар достығы идеясын ұстану және насихаттауға ынталанады. Себебі адамгершілікті, өркениетті патриотизм қашан да халықтар достығының идеясымен, тәжірибесімен үндесіп жатуы тиіс.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың

көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті «қазақстандық патриотизм» ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан-анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кірсе керек.

Патриоттық қасиет, өзін елінің азаматымын деп сезіне білу, туған жерімен және халқымен тұтастығын түйсіну адамның мүмкіндіктерін, сенімін нығайтатын ең жоғарғы күш деп айтсақ, ақиқаттан аулақ кетпейміз.

«Патриотизм» ұғымы елдің тұтастығын қамтуға қызмет етеді және қоғамдық құрылысына, оның саяси мекемелеріне құрметті, өзін қоршаған ортаға халықтың ықыласы мен пейілін қамтиды [5].

Қазақстандық патриотизм қазақ халқына да, сол тәрізді, Қазақстан бірден-бір Отаны болып табылатын басқа халықтарға да тән екендігін атап өткен жөн. Әлбетте, қазақстандық патриотизм қазақ патриотизмінен бастау алады, алайда ол Қазақстанның құрамына жаңадан еніп отырған басқа халықтарды да шарпиды. Патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады.

Отаншылдық сезім адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады. Осыған орай Н.Ә. Назарбаев патриотизмді «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деп белгілеген.

Егемендік алған бастапқы күндерден-ақ «патриотизм» ұғымы, оның мазмұны төңірегінде пікірталас жүріп келді. Одан «патриотизм», «қазақстандық патриотизм» деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ өсіп келе жатқан жас буындарды отаншылдыққа тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн; олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады; бұдан былайғы кезде жастарды патриотизмге бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдері, формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма? – деген көптеген мәселелер туындап отыр.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып-білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып-білуі шарт.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор [6].

Қазақстандық патриотизм, қазақстандық интернационализммен, яғни қазақстандық отансүйгіштік, қазақстандық ұлтаралық татулықпен байланысты деген ұғымды білдіреді. Оның түбінде ұлттық және мемлекеттік идеология жатыр. Біз осының бәрін қатар алып жүруіміз керек. Ұлттық идеология дегеніміз – Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, діні, тарихынан туындайтын көзқарас. Бірақ қазақтың ұлттық идеологиясы осының көшбастаушы болуы тиіс. Оған негізінен қазақ азаматтары атсалысуы, көш бастауы керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз – ол Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың мүддесінен туындаған мемлекет саясаты. Дәлірек айтсақ, «идеология (идея және логия) – таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, құқықтық, философиялық, моральдік, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы» – деп, негізінен түркі тектес халықтардың, оның ішінде түркі мәдениетінде, қазақ топырағында түрлі діндердің болғанын айтқан. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық патриотизмнің темірқазығы іспеттес.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, от-

басы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп, патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай-ақ жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек. Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың біразының ғылыми-педагогикалық, психологиялық, мектептегі іс-тәжірибелерін зерттеп бақылау нәтижесінде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді: педагогикалық практикадағы мүмкіндіктерді барынша толық қамтып біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау; әр түрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен практикасына қатысты қазақстандық, ұлттық тәжірибелермен қоса шетелдік жаңа идеяларды үнемі ашып іс жүзінде қолдану жолдарына көмектесуі керек.

Демек, патриотизм – қоғамдық сананың бір формасы, ол қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығы түседі.

Профессор Р.Б. Әбсаттаровтың атап көрсеткеніндей, «қазақстандық патриотизм тәрбиесі – бұл адамға оның бойында белгілі бір патриоттық көзқарастарды, пікір-пайымдарды, нормалар мен принциптерді қалыптастыру, сондай-ақ оны сол көзқарастар мен принциптерге сәйкес іс-әрекетке бағыттау мақсатымен әсер ету жүйесі. Патриоттық ұстанымдардың беріктігі айқын мақсатқа жетелейді, қазақстандық азаматқа ұлттық өмірге тар өріс аясынан тыс ұстаным тұрғысынан қарауға және қарапайым адамды екіұдай күйге түсіретін қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді [7]. Сондықтан бүгінгі таңда біздің бүкіл патриоттық тәрбие жұмысымыздың міндеті – қазақстандық патриотизмді әрбір азаматтың өмірлік серігіне айналдыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, Қазақстан патриоттарының сезімдері мен іс-әрекеттері Отанға (елге, Қазақстанға) және оның халқына бағытталған. Ұлттық патриотизм – бұл саяси идеология, оның басты қағидасы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Бірақ ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі,

спорттағы, сондай-ақ жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «кұрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді.

Терең рухани ой-зерде, биік өнегелі мінез-құлық нәтижесі ретіндегі ұлттық патриотизм іс жүзіне асыру үдерісінде жаңа сапалы мәнге – Қазақстан мемлекетінің әрбір адал азаматының саяси қызме қайраткерлігінің нышанына айналуға. Ол Қазақстанның гүлденуі, қазақстандық азаматтардың әл-ауқаты артуы жолында елімізді инновациялық және шығармашылық тұрғыдан өзгертуге ұмтылатын бүкіл саяси институттардың өмірі мен іс-қызметінің өзекті мәселесі болып табылады.

Біздің патриотизмнің белсенді, қайраткер, қарымды қыры адамдардың өз Отанының игілігіне, мемлекеттік билікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерінен көрінеді, сондықтан тәуелсіз дамыған ел ретіндегі Қазақстанның қайта жаңғыруының саяси-патриоттық нышаны болып табылады.

Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал бұл кез келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі мәлім жайт.

«Ұлттық тағылым» деген ұғым – әр халықтың ғасырларға ұласып жатқан тәрбие үлгісі, бала тәрбиесіне қолданылатын әдіс-тәсілі, үлгі-өнегесі, сондықтан да ұлттық тәрбие деген сөздің мағынасы әлдеқайда кең. Себебі ол бүкіл ұлтқа тән қасиеттердің бәрін қамтиды. Оған әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылықтық, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлер, тағы басқа ұғымдар кіреді. Жалпы ұлттық тәрбие арқылы жастарды, кейінгі буынды, ұлттық патриотизмге, ұлтаралық татулыққа баулуымыз керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008–2010 годы. – Астана, – 10 с.

2 Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. – Алматы: Казахстан, 1997. – 176 с.

3 Сәнік З., Садықан Б. Қаракерей Қабанбай батыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 174 б.

4 Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: п.ғ.к. ... автореф. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 30 б.

5 Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. – 10 қаңт. – № 6. – 2-б.

6 Жарықбаев Қ., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

7 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

А.К. Нурғалиева¹, А.К. Нурғалиева¹, К. Ахметова¹

Современные проблемы формирования национального патриотизма

¹ Высшая школа педагогики
Павлодарский педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

A.K. Nurgalieva¹, A.K. Nurgalieva¹, K. Akhmetova¹

Modern problems of the formation of national patriotism

¹ Graduate School of Pedagogy
Pavlodar Pedagogical University,
Pavlodar city, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

Аннотация

В статье рассматривается актуальность развития ценностей национального патриотизма в молодежной среде в целях сохранения суверенитета страны. В этой связи авторы акцентируют внимание на современных исследованиях патриотического воспитания молодежи. Среди них такие ученые, как К. Жарықбаев, С.К. Калиев, З. Саник, Б. Садықан, А.Н. Иманбетов, Р.А. Жанабаева, Т. Табылдиев, С. Габбасов, К.Ж. Кожакметова. Их исследования подчеркивают, что молодежь должна воспитываться в национальном духе, на национальной основе, чтобы быть верными Родине, любить свою нацию и народ, уважать ее традиции, обычаи, язык, менталитет, религию, прошлую историю. В статье рассматриваются цели и задачи организации патриотической деятельности, требования к осуществлению патриотического воспитания. В статье описаны меры, принимаемые сегодня для совершенствования процесса формирования национального самосознания учащихся.

Ключевые слова: национальный патриотизм, патриотизм, ценности, патриотическое воспитание, любовь к нации, обычаи, традиции, национальный дух, патриотическое воспитание.

Summary

The article examines the relevance of the development of the values of national patriotism among the youth in order to preserve the country's sovereignty. In this regard, the authors focus on contemporary studies of the patriotic education of youth. Among them are such scientists as K. Zharykbaev, S.K. Kaliev, Z. Sanik,

B. Sadykan, A.N. Imanbetov, R.A. Zhanabayeva, T. Tabyldiev, S. Gabbasov, K.Zh. Kozhakhmetova. Their research emphasizes that young people must be brought up in a national spirit, on a national basis, in order to be loyal to the Motherland, to love their nation and people, to respect its traditions, customs, language, mentality, religion, past history. The article discusses the goals and objectives of organizing patriotic activities, the requirements for the implementation of patriotic education. The article describes the measures taken today to improve the process of forming the national identity of students.

Key words: national patriotism, patriotism, values, patriotic education, love for the nation, customs, traditions, national spirit, patriotic education.

МРНТИ 14.316.725

Д.Ж. Сакенов¹, Е.А. Шнайдер², А.В. Люфт¹

¹ Высшая школа педагогики,
Павлодарский государственный педагогический университет,
г. Павлодар, Павлодарская область, Республика Казахстан

² Гимназия №2 им. Ф. Қайырбекова,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
e-mail: djakk@mail.ru

СИЯНИЕ ГАЛАКТИК ГИППОКРАТА

Аннотация

В статье продолжено дальнейшее исследование краеведческих оснований здоровья населения региона. Проведен широкий краеведческий анализ различных периодов развития Павлодарской железнодорожной больницы. В статье широко обоснована история развития Павлодарской железнодорожной больницы, современное состояние Павлодарской железнодорожной больницы. На субстрате краеведения обоснована здоровьесберегающая концепция врачей сервисного отделения железнодорожной больницы. Содержание и принципы здоровьесбережения. Пути и методы здоровьесбережения. Здоровье и здоровьесбережение. Современное здоровьесбережение. В статье исследована значимость лечебной деятельности сервисного отделения железнодорожной больницы для общества и государства, анализируется деятельность ведущих врачей Павлодарской железнодорожной больницы, раскрыты новые грани и направления развития Павлодарской железнодорожной больницы.

Ключевые слова: сияние, галактик, Гиппократ, здоровье, здоровьесбережение, врач, перспектива, сервисное отделение, Павлодарская железнодорожная больница.

ВВЕДЕНИЕ

Продолжая исследовать и анализировать историю ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» с позиции здоровьесбережения, отметим, что она начинается с 1929 года, когда была создана станция Павлодар Омской железной дороги. Как мы отмечали, в самом начале ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» располагалось в бараке в районе старого лесозавода, называлось тогда УЧМЕД-14, здесь же в районе строящегося железнодорожного моста была амбулатория УЧМЕД-8, а в 1949 году они объединились в железнодорожную больницу станции Павлодар и расположились в здании по улице Сормова. Там было небольшое деревянное строение, в котором располагались терапевтическое, хирургическое отделения и роддом всего на 10 коек. Когда в этом здании стало тесно, освободили общежитие, расположенное рядом. Здесь стал функционировать стационар, а поликлиника располагалась в здании нынешней СЭС-4. Затем в 1967 году сдается в эксплуатацию здание, в котором ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» располагается и сейчас. В 2000 г. в связи с реорганизацией железнодорожного транспорта и образованием акционерного общества больница приобрела статус Павлодарского филиала ОАО «Медслужба транспорта» [1]. Рос не только профессионализм работы, но и материальная база ТОО «Павлодарская железнодорожная больница», начинавшейся когда-то с одного фонендоскопа и гужевой транспортной единицей. Больница постепенно приобрела современную лечебную и диагностическую аппаратуру: бронхоскоп, колоноскоп, переносной датский УЗИ аппарат «Мерлин-1101» с дополнительным датчиком, фиброгастроскоп, аппарат для проведения лазерной терапии, кардиоманитор, лабораторный биохимический анализатор «Скрин Мастер», «Небулайзеры», эндовидеориносинусоскопическое оборудование фирмы «Карл Шторц» для оперативного лечения лор-пациентов, хирургическую эндовидеостойку для оперативного лечения заболеваний органов брюшной полости, гинекологических заболеваний, операционный гистерорезектоскоп, иммуноферментный анализатор, «Ангиодин-Эхо», нейроскоп-400, «Ангиодин», физиоаппарат «Миоритм», «Мустанг», галокамеру влажного типа, аппарат ударно-волновой терапии, прессотерапию «Лимфостим», магнитотерапию постоянного и переменного характера на аппаратах «АЛМА» и «АЛМАГ», озонотерапию на аппарате «Орион-СИ», внутривенное лазерное облучение крови, аппарат дозированного сухого вытяжения позвоночника «Ормед» и другие [2]. Необходимо отметить, что в ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» созданы широкие условия для качественного обследования и лечения пациентов.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Как мы ранее отмечали, наличие такого технического оснащения больницы не является пределом, коллектив ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» стремится и дальше улучшать обеспечение новейшей медицинской аппаратурой. Сегодня многое зависит от коллектива, их профессионализма, интеллекта, интуиции и внимания.

Сегодня врачи и персонал ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» во главе с Е.Е. Кучуковым, ведущих врачей и специалистов: А.К. Дакеновой, Г.К. Батырхановой, Г.Т. Алихановой, Т.В. Зиновьевой, Л.В. Глухова, М.А. Абдурзакова, Е.И. Орасагош, А.К. Кенжебекова, П.А. Павленко, Е.Н. Гаупт, И.Ю. Зайцева, Н.Г. Кожевниковой, О.И. Чусовой, У.М. Ибраевой, Айгерим Кусаиновой, З.А. Кузнецовой, Л.К. Бабашаиковой, О.В. Ганюповой, А.Ж. Кыстаубаевой и другими являются активными пропагандистами здорового образа жизни, не только пропагандируя, но и доказывая своим примером [1; 2]. Врачи ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» рассуждают, что быть здоровым – замечательно, но непросто. Здоровье – ключевая ценность для любого человека независимо от его местожительства. Здоровьесбережение – это активность людей, направленная на улучшение и сохранение здоровья, а также согласованность и единство всех уровней жизнедеятельности человека. Во все времена ценилась гармония духа и тела. Жизнь коротка, путь искусства долог, удобный случай скоропреходящ, опыт обманчив, суждение трудно [3-7]. Поэтому не только сам врач должен употреблять в дело все, что необходимо, но и больной, и окружающие, и все внешние обстоятельства должны способствовать врачу в его деятельности (Гиппократ). Несомненно, состояние здоровья в большей степени зависит от самого человека. Здоровьесбережение – основа профилактики заболеваний. Человек, определяя для себя образ жизни, сам регулирует уровень вероятности любого заболевания. Здоровьесбережение на уровне личности предполагает выбор таких форм активности, которые способствуют сохранению и укреплению здоровья человека. Выбор определяется уровнем культуры человека, освоенных знаний и жизненных



Е.Е. Кучуков, лучший директор ТОО «Павлодарская ЖД больница» – 2021

установок, определенный комплекс норм поведения, которое предусматривает здоровьесбережение.


Сервисное отделение железнодорожной больницы открылось 15 августа 2007 г. Для удобства пациентов отделение находится на 1 этаже. Здесь могут получить квалифицированную медицинскую помощь в максимально комфортных условиях. К нам могут обращаться пациенты со следующими заболеваниями: артериальная гипертония, заболевания бронхо-легочной системы, болезни суставов и позвоночника, желудочно-кишечного тракта, сосудистые заболевания. К услугам пациентов одно- и двухместные комфортабельные палаты, внимательный, доброжелательный и квалифицированный персонал, весь арсенал лечебно-диагностической аппаратуры, которым оснащена больница.

Стационарное лечение и амбулаторный прием кардиологических и терапевтических пациентов ведет заведующая отделением, врач высшей категории А.К. Дакенова.

Во время лечения пациенты могут получить консультации ведущих специалистов больницы. Комплексный подход к лечению (медикаментозное, физиотерапевтическое) позволяет проводить реабилитацию пациентов в условиях отделения под контролем профильных врачей.

Также пациенты могут пройти лечение в дневном стационаре, которое находится в отделении. Для тех, кто ценит время, можно пройти обследование в кратчайшие сроки (УЗИ, ФГДС, ЭКГ, лабораторное обследование, консультации врачей) по программе «Стационар одного дня». По результатам обследования будет назначено необходимое лечение и даны рекомендации.

Профессия врача – одна из древнейших. В первобытном обществе врачевание приравнивалось к магии, из века в век профессия помогать людям высоко це-



А.К. Дакенова, лучший заведующий сервисным отделением – 2021




Лучший лечащий врач Евгения всегда на посту

нилась, и при этом была доступна не каждому. Современная медицина уже мало напоминает мистические ритуалы древнего мира, но роль врача осталась неизменной [4]. В первобытном обществе практически каждый опытный член общины мог выполнять обязанности врача. Эти умения были необходимы на охоте и в быту. Первобытный человек быстро научился пользоваться дарами природы и делать медицинские инструменты. Есть сведения, что в эпоху неандертальцев, древние люди уже могли справиться с абсцессами, пытались лечить зубы и накладывали швы на рану. Позже врачей стали заменять шаманы и знахари, которые были наблюдательны и знали свойства различных растений. А уже в IV в. до н.э. появился сам «отец медицины» – Гиппократ, и понеслось: началось становление медицины как науки и развитие профессии врача. Задача врача – не только получить истинную картину болезни пациента, но и сделать так, чтобы сама беседа с больным оказала на последнего терапевтическое, лечебное воздействие. Здесь понадобятся значительные запасы человеколюбия и терпения: без них успехи на медицинском поприще немислимы. Каждый день нужно помнить, что придется постоянно принимать решения, от которых будет зависеть судьба других людей [5–7]. А это невозможно без профессионализма.


Профессионализм на медицинском поприще также не дается легко. Сегодня ведущие врачи, медсестры и специалисты сервисного отделения ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» во главе с А.К. Дакеновой считают, что врачу важно быть компетентным, понимающим, терпеливым, милосердным. А.К. Дакенова утверждает, что каждый пациент уникален и к каждому придется найти индивидуальный подход. У больных нередко бывает искаженное представление о болезни, и уж тем более им сложно объективно оценивать свое состояние.

Дружный и сплоченный коллектив сервисного отделения ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» – золотые самородки своей профессии. А.К. Дакенова, медсестры, или как их с любовью называют пациенты, сестрички Лена, Света, Юля, считают, что целью создания сервисного отделения в ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» является совершенствование организации и повышение качества оказания медицинской помощи, а также повышение экономической эффективности деятельности больничных учреждений на основе внедрения и широкого использования современных ресурсосберегающих медицинских технологий профилактики, диагностики, лечения и реабилитации.

Созидающий коллектив сервисного отделения ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» во главе с А.К. Дакеновой легко переносят свой тяжелый ежедневный труд; днем и ночью, в обычные рабочие дни и в праздники они идут к больному, чтобы оказать ему помощь. На высоком уровне проводят сложные и комплексные диагностические исследования, связанные с необходимостью специальной подготовки больных и краткосрочного медицинского наблюдения после проведения указанных диагностических мероприятий. Проводят подбор адекватной терапии больным с впервые установленным диагнозом заболевания или хроническим больным при изменении степени тяжести заболевания. От всей души хотим поблагодарить вас, дорогие и замечательные врачи и медсестры, медперсонал, специалисты сервисного отделения ТОО «Павлодарская железнодорожная больница», вы – как галактика Гиппократ в эпоху КВИ, пандемии. Спасибо за профессионализм и доброту. Мы искренне желаем вам успешно продолжать лечить своих пациентов от любых болезней, всегда оправдывать все добрые надежды и непременно находить выход из любой ситуации. Здоровья вам и вашим семьям, созидатель-



Лучшая медсестра сервисного отделения – 2021



Лучшая команда Сервисного отделения – 2021

ной деятельности и счастливой долгой жизни. Спасибо за ваш труд, за ваш профессионализм, за вашу самоотверженность и талант.

Несмотря на то, что работа в медицинской сфере сложная, она имеет и свои плюсы, такие как отношение к интеллектуальной профессии, которая позволяет изучать, исследовать и делать открытия. Для людей с живым, пытливым умом это интересно. Спасение жизней и излечение больных – от этого человек чувствует моральное удовлетворение, осознание ценности своего существования, благодарность пациентов. При этом труд врача не всегда вызывает благодарность и признательность пациентов. И это не зависит от профессии врачей: и педиатр, и стоматолог, и хирург каждый день встречаются с десятками абсолютно разных людей, подбирают к каждому из них свой ключ, иногда принимают решение на свой страх и риск. Стресс всегда рядом с врачом: это ненормированный рабочий день, необходимость всегда говорить с пациентом на его языке – форма беседы должна соответствовать интеллекту пациента, иначе невозможно получить информацию о симптомах заболевания, составить полную картину болезни. У каждого врача есть свои методики построения беседы, ведь очень часто пациенты неохотно делятся симптомами своего заболевания, полагая почему-то, что врач сам должен догадаться о причинах болезни и способах ее лечения. Принять все это может не каждый. Поэтому справедливо говорят, что врач – это не столько набор профессиональных навыков. Врач – это призвание [7]. Таких людей не так много, и не каждый выпускник медицинского вуза станет врачом. Искреннее желание помогать людям, ежедневно облегчать их страдания – удел далеко не каждого. Большое спасибо за ваши старания и знания, за ваши усилия и советы, за вашу добро-



Лучшие сотрудники Сервисного отделения – 2021

ту и понимание, за ваш профессионализм и мастерство. Вы – замечательные врачи, и мы желаем вам продолжать помогать ещё многим людям, каждый день отмечая победой над КВИ и другими болезнями и получая в качестве награды улыбки близких и уважение окружающих. В условиях КВИ особо выражаем благодарность врачам Павлодарской железнодорожной больницы: Е.Е. Кучукову, А.К. Дакеновой, Г.К. Батырхановой, Т.В. Зиновьевой, Г.Т. Алихановой, У.М. Ибраевой, Айгерим Кусаиновой, Л.В. Глухову, М.А. Абдурзакову, Е.И. Орсогош, А.К. Кенжебекову, А.А. Перерва, П.А. Павленко, Е.Н. Гаупт, И.Ю. Зайцеву, Т.О. Отарбекову, О.В. Ганюковой, П.А. Катеринину, И.С. Шевченко, Н.Г. Кожевниковой, Б.А. Сельтекеевой, А.К. Омаровой, А.Г. Ефимовой, Г.Т. Алихановой, Б.О. Абышеву, Т.В. Токаревой, Е.Н. Поповой, Д.Р. Мынгышеву, Н.К. Сагынаевой, П.О. Терновому, М.А. Мукпеновой, Е.И. Бундуки, Н.В. Хабаровой, Ж.С. Шамановой, Т.Л. Николовской, Т.И. Акиншиной, Т.В. Цивенко, Ж.К. Каркеновой, Н.А. Ермуракий, В.В. Сарсембаевой, Г. Шаймардановой, О.И. Чусовой, Г.К. Субыхановой, А.Ж. Кыстаубаевой, А.Б. Абдуалиевой, С.А. Косолаповой, Л.К. Бабашаиковой, Б.Ж. Узыхановой, А.Т. Омиржановой, З.А. Кузнецовой, Т.В. Кнауб, Н.М. Никитиной, С.И. Кириллос, Н.В. Самохваловой и многим другим, всему коллективу Павлодарской железнодорожной больницы.

*Слава, слава докторам,
Санитаркам, фельдшерам,
Всем медсестрам, окулистам,
Акушерам, терапевтам,
Стоматологам и лорам,
Славу мы поем всем хором.*



Реконструкция и ремонт здания больницы

*Даже если кто здоров,
Жизнь ведь начал с докторов!
Их заботливые руки
Облегчали мамам муки,
Чтобы мы могли родиться.
Не дай Бог, нам простудиться,
Подхватить бронхит иль грипп –
Сразу вспомним мы о них!
Вам про них расскажет каждый,
Как умелы и отважны;
Как окутают вниманьем,
Чтоб улучшить состоянье;
Как борясь за жизнь людей,
Забывают о своей.
Бриллианты Гиппократы
Дали клятву Гиппократы,
Ей верны в работе свято [8].*

ВЫВОДЫ

На современном этапе развития ТОО «Павлодарская железнодорожная больница» во главе Е.Е. Кучуковым, талантливым врачом, выдающимся организатором, созидателем и конструктором новой модерн-концепции ТОО «Павлодарская железнодорожная больница», достигла крупных достижений в медицине, создает условия для обеспечения населения доступной, своевременной и качественной ме-

дицинской помощью, снижения ущерба от медико-санитарных последствий чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера; расширяет доступ населения труднодоступных сельских регионов к услугам квалифицированной, специализированной медицинской помощи [9-20]; создает медицинское обеспечение безопасности движения на железнодорожном транспорте, сохранение и укрепление здоровья работников железнодорожной отрасли; формирует конкурентоспособную базу для оказания населению эффективных медицинских услуг сверх гарантированного объема бесплатной медицинской помощи. КВИ сплотила врачей ПЖБ, пациентов, город, страну мир:

*Всё утрясётся, всё пройдёт,
Уйдут печали и тревоги,
Вновь станут гладкими дороги
И сад, как прежде, зацветёт.
На помощь разум призовём,
Сметём болезнь силой знаний
И дни тяжёлых испытаний
Одной семьёй переживём.
Мы станем чище и мудрей,
Не сдавшись мраку и испугу,
Воспрянем духом и друг другу
Мы станем ближе и добрей.
И пусть за праздничным столом
Мы вновь порадуемся жизни,
Пусть в этот день пошлёт Всевышний
Кусочек счастья в каждый дом! (А.С. Пушкин) [21].*

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 <http://medtrans-pvl.kz/>
- 2 <https://formed.ru/about/doctors/1247/>
- 3 Капилевич Л.В. Здоровье и здоровый образ жизни: учебное пособие / Л.В. Капилевич, В.И. Андреев. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2018. – 102 с.
- 4 Peter De Coster. Media's take on salmonella // Health Issues and Health Policy. 31, 2018.
- 5 Назарова Е.Н. Здоровый образ жизни и его составляющие. – М.: Академия, 2007. – 256 с.

6 Peter Parker. My post about health information technology. // Health Issues and Health Policy. 18, 2018.

7 Jonathan Forster. Presidential Debate and the Future of Health Systems\\// Health Issues and Health Policy.12, 2018.

8 <https://formed.ru/about/doctors/1255/>

9 <https://www.inpearls.ru/244405>

10 <https://formed.ru/about/doctors/>

11 https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc_medicine/

12 <https://www.bbc.com/russian/features-46542292>

13 <https://forbes.kz/process/medicine>

14 https://prg.kz/medicine_info

15 <https://hi-news.ru/tag/medicina>

16 <https://informburo.kz/tags/meditsina.html>

17 <https://kapital.kz/info/medicina-v-kazahstane>

18 <https://www.nur.kz/tag/medicina-v-kazahstane.html>

19 <http://today.kz/news/meditsina/>

20 <http://www.kazmedicine.kz/>

21 <https://kstnews.kz/blogs/item-58720>

D.J. Sakenov¹, E.A. Shnaider², A.V. Lyuft¹

Гипократ галактикаларының жарқырауы

¹ Pedagogika JM,
Pavlodar memlekettik pedagogikalyq ýniversiteti,
Pavlodar q., Pavlodar oblysy, Qazaqstan Respublikasy

² Qazaq tiliniń AB,
№1 mektep-gimnaziasy,
Nur-Sultan, Qazaqstan Respublikasy

J.Zh. Sakenov, E.A. Schneider, A.V. Lyuft

The radiance of the galaxies of Hippocrates

¹ HS of Pedagogy,
Pavlodar State Pedagogical University,
Pavlodar, Pavlodar region, Republic of Kazakhstan

² MO of the Kazakh language,
School-gymnasium №1,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

Аңдатпа

Мақалادا аймақтағы турғын халық денсаулығын сақтауда өлкетаның негиздері зерттелді. Павлодар теміржол айрыханасының түрлі кезеңдерінде дамуы өлкетанылық талданған. Мақалادا Павлодар теміржол

ауруханасының даму тарихы бемеленген. Мақалда Павлодар теміржол ауруханасының қазіргі жағдайы айқындалған. – Мақалда Павлодар теміржол ауруханасының дамуының жаңа қырлары мен бағыттары көрсетілген. Өлкетаның негіздерінде Павлодар теміржол ауруханасы дәрігерлерінің денсаулық сақтау концепсиясы айқындалған. Денсаулық сақтаудың мазмұны мен принциптері. Денсаулық сақтаудың тәсілдері мен әдістері. Денсаулық сақтау және денсаулық сақтау. Қазіргі денсаулық сақтау. Қоғам мен мемлекет үшін теміржол ауруханасының теміржол маңындағы елді-мекендердің жұртшылығымен жұмыс істейтінін ерекшеліктері зерттелді. Павлодар теміржол ауруханасындағы бас дәрігерлері жұмысына талдау жасалды. Мақалда Павлодар теміржол ауруханасының жаңа даму бағыттары анықталды.

